

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТИ

ЎЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТИ

ФИЛОЛОГИЯ (қазақ тілі, түркмен тілі) КАФЕДРАСЫ

*«Күләш Ахметова поэзиясының ерекшеліктері»
тақырыбындағы*

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Орындады: қазақ филологиясы тәлім
бағдарын бітіруші 4-курс студенті
Қаңтарбаева Құралай Маденовна

Ғылыми басшы:
доц., Қурбанбаев И.

асс., Смамутова Ш. _____

Бітіру мамандық жұмысы кафедрада алғашқы қорғаудан өтті
____-санды баяндамасы «____» май 2016-жыл.

Күләш Ахметова поэзиясы

Жоспары:

Кіріспе

I. Бірінші бөлім

1.1. К.Ахметова өмірі мен шығармашылық жолы

1.2.Күләш Ахметова лирикасының поэтикалық ерекшелігі

II. Екінші бөлім

2.1. Күләш Ахметова лирикасындағы тілдік, стильдік, бейнелік

құбылыстар

2.2. К.Ахметова поэзиясының басты тақырыптары

III. Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Мамандық жұмыстың маңыздылығы. Президентіміз Ислам Каримов «Жоғары руханият – жеңілмес күш» атты шығармасында айтқанындай, «әдебиет, сөз өнері ежелден халық жан-дүниесінің айнасы, ақиқат және әділет жаршысы болып келген. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында елімізде руханиятымыздың аса маңызды және үздіксіз қысымы болған әдебиетті дамыту, ақын және жазушыларымыздың есіл еңбегін қадірлеп және лайықты марапаттау бойынша амалға асырылып жатқан істер, өз жемісін беріп жатқандығы, көркем әдебиетіміздің тақырыптық көлемі жағынан да, жанрлық теориялық тұрғыдан және сантүрлі болып бара жатқаны, әдебиет майданына хас таланттардың пайда болып жатқандығы кітапқұмар халқымызды, әрине, қуандырады. Бұлардың баршасы ұлттық нығайу процесінде қаламгер халқының шығармашылық ізденушіліктері үшін үлкен мүмкіндіктер ашып бергенін және бір көрсетеді».¹

Мемлекетіміз басшысының пікіріне көптеген мысалдар келтіру мүмкін. Шынында да, еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, әдебиетті дамыту шығармашылық иелерінің еңбегін бағалауға ұлттық нығайу процесінің бір бөлігі сипатында қаралды.

Президент И.Каримов “Тафаккур” журналының бас редакторына берген интервьюында тәуелсіздік шарапатымен мемлекетімізде амалға асырылған тәлімнің жаңа моделі жайында былай деп көрсетеді: «...тәлімнің жаңа моделі қоғамда еркін пікірлеуші еркін тұлғаның қалыптасуына алып келеді. Өзінің қадір-қасиетін аңғартатын, жігері мықты, иманы бүтін, өмірде анық мақсатқа ие болған адамдарды

¹ Karimov I. «Юksak ma'naviyat – engilmas kyч». – Т.: Ma'naviyat.2008, 136 – 137 bet.

тәрбиелеу мүмкіндігіне ие боламыз».²

Өскелең ұрпақтың тәлім және тәрбиесі жолында амалға асырылып жатқан кең көлемдегі реформалар студент жастар психологиясында ғана емес, бүкіл қоғам өміріне жаңа, тың серпіліс алып келді. Тәуелсіздік себепті шығармашылық еркіндіктің келуі, әдебиет тарихының дамуына кең жол ашып берді. Сондықтан да бүгінгі талғампаз оқырмандар көңілінен шығарлық, туындылар жазу үшін қаламгерлер алдына жаңа міндеттер жүктелуде. Кешегі кеңестік идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта да, сыршыл да, ғаламат сезімге толы поэзиялық туындылар жазған ақындардың бірі, әрі бірегейі – Күлаш Ахметова болатын.

Бітіру мамандық жұмысының мақсаты мен міндеттері

Бітіру мамандық жұмысынан көзделген негізгі мақсат Күлаш Ахметова поэзиясын мағыналық-шығармашылық тараптан анализдеу және замандас ақындарының поэзиясымен салыстара көрсету арқылы ақын поэзиясының даралығын, биіктігін көрсету болып табылады. Эстетикалық тұрғыдан ақыл-паратсат принциптерін анықтау арқылы ХХ ғасыр қазақ поэзиясында қайталанбас және өзіне тән ерекшелігі, ақындық болмыс-бітімі бар ақынның поэзиясын жан-жақты ашып көрсету болып табылады. Мамандық жұмысқа қойылған мақсатты амалға асыру барысында төмендегі міндеттерді орындау талап етіледі:

- Күлаш Ахметова өмірі мен шығармашылығына баға беру;
- Күлаш Ахметова поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдықты анықтау;
- Күлаш Ахметова поэзиясындағы туған жер, Ана отанға болған махаббат сезімдерінің өзгеше өрілетіндігін мысалдар арқылы көрсету болып табылады.

² «Tafakkyr» jurnali, 1998, №2, -B.

Мамандық жұмысының практикалық маңызы Жаңарып, дамып бара жатқан XX ғасыр қазақ әдебиетінің жаңа қоғамға сай дамуының ерекшелігін Күләш Ахметова поэзиясы мысалында көріп талқылауға негізделген. Практикалық тұрғыдан мамандық жұмысындағы материалдарды жоғары оқу орындарында “Әдебиет теориясы”, “Қазіргі әдеби процесс”, “XX ғасыр әдебиеті”, курстарының тиісті бөлімдерінде пайдалану мүмкін.

I. Бірінші бөлім

1.1. К.Ахметова өмірі мен шығармашылық жолы

Ақындарды қай-қайсыны поэзиясы, әсіресе лирикалық өлеңдері әр кезеңні өмір шындығын, уақыт тынысын мол аңғартып отырады. Сонымен бірге, ақынның өз басының күйініш-сүйінішін, өз басының ішкі сырларын да аңғартып отыратыны белгілі. Поэзияның мұндай жанрлық ерекшелігін ұлы орыс сыншысы Белинский де бірнеше рет қайталап айтқан болатын.

Өмірлік сапары азаматтық әуенге, әлеуметтік мазмұнға толы ақындардың шығармалары да құнарлы, өрісті арналы бағытында дамитындығы баршаға аян. Орыстың классиктері, Абай мен Сұлтанмахмұт т.б. ақын-жазушыларымыздың өмірі мен өнерпаздық жолы бұған айқын дәлел бола алады. Егер «алы елі қазағының» хал-жағдайын ойлап, толғанбаса, оны ұлы орыс мәдениетінен нәр алып, ілгері қарай дамуын көздемесе, Абай өз поэзиясының әлеуметтік бағытынған, идеялық тынысын соншалықты тереңдетіп, қанатын кең жайып әкете алмайтындығы хақ. Өз басы шын мәнінде тебіренбеген ақын не жазушы, өмірлік жағдайларға терең бойлап қанықпаған қаламгердің өзгеге әсер етерлік шыншыл жыр шығаруы мүмкін болмаған болар еді.

Сондықтан да ақынның өмірі, оның өткен жолы творчествосына ерекше әсер ететіндігі баршаға аян. Жеке адам тағдыры мен халық тағдыры тұтасып, қабысып кеткен кешегі қоғамды жазушы мен ақынның шығармашылық кемелденуіне мейлінше жемісті өріс береді. Сондықтан да әрбір үлкен ақынның поэзиясы, сыршыл да, шыншыл жырлары – оның творчестволық өмірбаяны сияқты болады. Революциялық күреске жан-тәнімен араласқан, бүкіл жас өмірін сол үшін сарп еткен, халық бақыты үшін табандылықпен күрескен Сәкен Сейфуллиннің өмірі оның поэзиясы мен прозасында өшпес із қалдырды. Жазушы Сәбит Мұқановтың үш

томдық «Өмір мектебі» романы да, оны өмір жолдарын айқындайтын шығармасы болды. Сондықтан да әр қаламгерді шығармасын, оны өмір кезеңдерінен, өмір сүрген қоғамынан, халықтың тарихы мен тіршілігінен бөліп қарауға болмайды.

Біздің бүгінгі мамандық жұмысымыздың басты тақырыбы болып отырған Күләш Ахметова поэзиясына да жоғары да айтылған пікірлер өте қатысты деп білеміз. Өйткені ақынымыздың әрбір жыр жолдарында өзі басып өткен өмір жолына қатысы бар екенін байқаймыз.

Заманының жалынды жаршысы, халқымыздың көрнекті ақыны, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты К.Ахметованың өткен өмір жолы мол сырлы, ерекше мәнді екендігі белгілі.

Сондықтан біз бүгінгі жұмысымызда ақынның лирикаларына баса назар аударып отырып, оның қаламынан туған әрбір өлеңінің өмірімен қоса өрілгендігін ашып көрсетуге ұмтылдық.

Осы орайда Күләш Ахметова жайлы сыр қозғасақ, ол 1946 жылы 25 сәуірде бұрынғыша Жамбыл облысы, Талас ауданында дүниеге келіп, Үшарал орта мектебін бітірген.

Үш жыл медициналық училищеде оқып, оны 1966 жылы тәмамдаған. Он бір жылдан астам уақыт Үшарал медпунктінде меңгеруші қызметін атқарып, кейіннен Талас аудандық «Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер болып істепті. Артынша, 1968 жылы КАЗ ГУ -ге түсіп, оны 1973 жылы бітірген. Жоғарыдағы оқу орнын тәмамдаған жылы «Қазақстан пионері» газетінің әдеби қызметкері, артынан білім меңгерушісі болады. Күләш Ахметова 1977-1980 жылдар аралығында «Жалын» баспасында қызмет атқарады.

Ақынның 1975 жылы «Ақ гүлім» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Осы кітабы Күләшқа үлкен абырой әкелді. Өйткені, бұл айшықты ойға, әдемі суретке толы жырлар еді. Ақынның екінші жинағы «Сен менің

бақытымсың» деп аталады. Осы кітапқа қазақ поэзиясының көшбасшысы Әбділдә Тәжібаев «Күләш Ахметова ақын» деп аталатын көлемді мақаланы сол кездегі «Лениншіл жас» газетінде тебірене жазды. Ақын Әбділдә Тәжібаев осы еңбегінде Күләшті нәзік лирик әрі үлкен ой қорыта білетін терең толғамды, әрі табиғаттың суретін шебер сала білетін суреткер ретінде бағалады. Ақынның осы аталған кітабына «Қазақстан Жастар сыйлығы» берілді. Күләш Ахметова он шақты жыр кітапшаларының авторы, солардың ең бастылары: «Жапырақ жаздың жүрегі», «Махаббат жылы», «Мейірім», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Жасыл жағалау», «Ләйлектер қайтып келгенде» т.б.

Ақынның Әбіш Кекілбаевтың алғы сөзімен «Күн шыққанда күліп оян» атты таңдамалы өлеңдер мен поэмалары «Ана тілі» баспасынан 1986 жылы жарық көрген. Ақынның өлеңдері орыс украин, беларусь, өзбек, тәжік, башқұрт тағы басқа тілдерге аударылған. «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталған.

Таластың құтты өңірінде көктеп бүр жарған жас қайындай талдырмаш қыз мектеп қабырғасында -ақ өлең жаза бастағанын ақынның «Түркістан» газетінің тілшілері жүргізген арнайы сұраунамадағы: «Ең алғаш өлең жазуыма себепкер болған кісі 4-сыныптағы мұғалімім Мәдина апай еді. Бір өлеңнің құрылысын талдап тұрып, «Балалар іштерінде кім өлең жаза алады?» - деп сұрағанда мен ғана қолымды көтеріппін.

«Анама» деген өлеңіммен, Үшаралды сағынғанда жұптаған шумақтарымды қосып алып келдім. Екі өлең кешікпей жарық көрді» деген жауабынан аңғарамыз. Студенттік кезеңінде поэзияның қасиетті өлкесінде нәзік сырлы, ыстық сезімді, күмістей сыңғырлаған сұлу әуенді, дарынды өлеңдерімен елең еткізген ақын кеңінен таныла бастайды. Ақын бір сөзінде: «1968 жылдың көктемінде «Лениншіл жас» газетіне елден екі өлең жіберілді. Іле – шала жарық көрген сол өлеңдеріме Сәбит Мұқанов сол

газетте жаңа пікір жазды. Бұл менің әдебиеттегі ең алғаш естіген мақтауым еді. Үлкен жазушының жомарт бағасы жолымды ашты» деп тебірене сөз еткен. Көп ұзамай ақынның оқырманы молая берді.

Сөйтіп халқының сүйікті ақынына айналды. Бүгінде оның туындыларының әлемдік поэзияның үлгілері деңгейіне көтерілгенін айта аламыз.

1. 2. Күләш Ахметова лирикасының поэтикалық ерекшелігі

Лирика өзінің табиғатында сезім мен ойдың поэтикалық нәтижесі. Веселовскийдің бұл жанрға поэтикалық формула тұрғысынан қарағаны тегін емес. Бірақ көркем туындының тарихы адаммен оның сезімімен үнемі тікелей қарым-қатынаста болуы себепті уақыт өзіне тән эстетикалық норма талап етуі заңды құбылыс. Біз осы жанрды зерттеу саласында оны үнемі ескеріп отыруға тиіспіз. Өнердің спецификалық ерекшелігі дейтін негізгі қасиетінің құрамды бөлегі десе де болғандай.

Осы тұрғыдан үнілгенде қазіргі қазақ лирикасының эстетикалық арсеналдары қандай? Бұл сауал-поэзия, өнер зерттеушілерін ойландыруға тиіс, қазіргі әдебиеттану ілімінің ең көкейтесті сауалдарының бірі деп ойлаймыз. Бұл жеңіл сұрақ емес. Өйткені, өнерде жетістікті санмен өлшейміз бе, сапа мен бе? Әрине, сапамен деп бірден жауап береміз. Ал, сол сапа дегеннің өзін өнерде қалай салмақтаймыз?

Мәселен, өлеңнің құрылыстық жағынан ба, көркемдеу құралдары тұрғысынан ба, мазмұн тереңдігімен бе, әлдес сұлулыққа ара қатынасы жағынан ба? Мұның бәрі ақынның даралық ерекшелігіне шағылып кетуі де мүмкін. Өнерде сапа өлшемін шығарудың өнер ерекшелігіне орай осындай қиындықтары бар. Сөз, әрине, озық үлгілер, даралық сипат танытқан шығармалар төңірегінде болуы тиіс. Әйтпесе, формализмге ұғынамыз.

Мәселен, Біржанның мына бір өлеңіне үңілейікші:

Мен, Біржан, қызға бараман алғымнан...

Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан,

Қыз сөзін кек көрмейтін сайтаным бар,

Онымды тастамаймын өзім өлмей.

Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер,

Қарамай қатты сөйле өлгеніме.

Өлеңнің тілі мейлінше қарапайым. Айқайы жоқ, шуы жоқ, сезім-

сезімсемін ағызар, шабыт көзіне түрткі болар бәлендей фактор да жоқ. Алау да жоқ, от та жоқ. Біржанның «өліп-тірілетін» талай сезімдік дүниелерін біз білеміз. Ал, бұл өлең олардан гөрі басқашарақ сияқты. Несімен?

Құрылыстық жағынан алғанда бұл жолдар ерікті өлең өлшемі. Ақын ұйқасты қатты қадағалап отырған жоқ. Яғни, өлеңнің композициялық құрылысындағы бүтіндік, динамикалық өріс өлеңді өлең ететін ұйқас күшімен өрбімейді. Керісінше, ой мен сезім ұйқассыз құрылған әр тармақта шашырап жатыр. Сонда бұл өлеңде поэзия жоқ па? Оның сапасын немен өлшейміз?

Біріншіден, бұл өлең Біржан секілді тегеурінді ақынның қолтаңбасы екені бірден байқалады. Сезімге психологиялық даярлық, алғы шарт бары байқалады.

Екіншіден, өлеңдегі поэзияға тән серпінділікті ұйқастан емес, сөздің түпкі төркінінен, мазмұндағы таным мен сезім қуатынан іздеген жөн. Сонымен өлшегенде ғана бұл өлеңнің бағасына жетеміз. Біржан осы тәсілге неге барды? Біздің қазіргі лириктеріміздің біразы осы тәсілмен жазып жүргенін айт ар едік. Бұл, әсіресе, Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов сияқты мықты лириктер арқылы айқындала түсті. Бұл тәсіл, әрине, форма жаңалау мақсатында туды демесек те, поэзиядағы табиғи ізденіс көрінісі екені анық. Бұл тәсілмен көп елігіп кеткендер «ұтар еді» дегенді біз айта алмаймыз. Бұл пікірді теоретик ғалымдарымыз да ескертіп келеді. Тіпті таланты деген Жұмакеннің өзінің соңғы кезде тұйықтала қалғанына осы форма ықпал еткен сияқты.

Ал, Біржанның жоғарыдағы өлеңнің жөні басқа. Сөз жоқ, ақынды бұл жолға формалық ізденіс жетелемегені анық. Сезім еркіндігі рифмаға камалудан басқа жол іздегендей.

Дей тұрсақ та, қазіргі поэзиямызда осы тәсіл сирек те болса неге

жаңғырып отыр? Бұл форманың екінші жағы-Асан қайғыдан басталатын философ-жырауларымыздың даналық ойларын жеткізетін оңтайлы тәсіл еді ғой. Толғаулардың көбі сезімнен гөрі ойға құрылады. Тамаша лирик Т.Айбергенов осы тәсілді творчестосында өнімді пайдаланғанын білеміз.

Жатады сенің күз кеудең толқын басылып,
Ойнайды сөзім жүзіңде сенің от болып,
Әндерін сенің тауларға заңғар басы бұлт
Барады мені бөктеріп.

Ақ дидарыңнан жаныма бір шок түстіме,
Алдымда менің алаулап жатқан қыр қандай,
Қатпар да қатпар мың жылдың қырлар үстінде
Қызғалдақ қаптап тұрғандай.

Жоғарыда Біржан өлеңімен салыстыра қарастыра болсақ, бұл өлеңнің нендей сапалық айырма іздеудің теріс екеніне көз жеткіземіз. Ұрпақтан ұрпаққа жеткен халық мұрасының қай-қайсысы болсын өзіндік эстетикалық салмағымен құнды.

Өнер иелерінің творчествосы негізінен ерекшелікке саяды, ал сапасы талант қуатымен өлшенеді. Төлеген жолдарын да осы тұрғыдан бағалаймыз. Бұл жолдардың (да осы) түр-тұлғасы мен түйдекке лирикалық мазмұны жағынан жоғарыдағы Біржан өлеңімен тектес. Неге десеңіз, негізгі фактор-сезім, дидактика салқыны сезілмейді. Өмір жайлы толғау да емес. Ендеше, бұл таза лирикалық өлең. Өлеңнің сыртқы құрылысында жаңалық бар, шарқ ұрған таланттың ізденісі бар. Алау сезім өзгеше бедерлеуді тілегені танылады. Сондықтан ақын ерікті ұйқасқа барады. Сөйтіп ақын сөз тіркесінің ақысын аңиды, сол арқылы қызуын ішке түсіреді. Жалынның бәрін жоққа, мазмұнның бәрін маңызға айналдырады. Ендеше, екі өлеңнің де сезімдік қуаты тең жатыр. Дәстүр жалғау дегеннің

осындай тәуелсіздік жақтары да болады. Тек сыртқы ұқсастық, тәсіл қайталау-поэзиядағы дәстүр бола бермейді. Дәстүр кей жағдайда өнер табиғатына тән интуициямен берілуі де мүмкін. Сезім ұштасып, ой суарылса-талант тұтанады. Гәп ақынның рухани түрленуінде.

Өміршең дәстүр тез қаулайды, қазақ лирикасында мұндай өлеңдер біршама табылады. Әрі олар жаман жеміс бермегенге ұқсайды. Мәселен ақын Т.Сәдуақасовтың мына жолдарына мән берейікші:

Асқақтаған асқар-асқар таулардың,
Етегінде жүргенде елемейді екенсің.
Алыстасаң музарт шықты мұңартып,
Тұрады екен құмартып.
Кімге айтарсың, кінә артып,
Кеш айтарсың, кінә артып,
Кеш бағалар, қадірін бар алтынның,
Бәрімізде бар осындай бір салқындық.
(«Жұмбақтас», А, 1982, 31-бет)

Жас ақында еліктеуден гөрі пайымдылық басым. Дәстүрді бойға сіңіру ғадеті бар. Біз, бүгін қазақ поэзиясында көрініп қалып жүрген, ерікті ұйқас лирика табиғатына сіңісті ме деген төңіректе сөз қозғап отырмыз. Біздіңше, ерікті ұйқас, негізінен, жанр табиғатымен тым сіңісті боп кете алмайды. Біз сәтті оралымдарды келтіріп отырмыз. Ненің де түйінін талант шешеді ғой, деген де қазіргі қазақ лирикасының биігінен көз жіберсек, эстетикалық өріс ерікті өлең ұйқасынан бастау алып тұр дей алмаймыз. Тамаша лирик М.Мақатаевтың кара өлең ұйқасын таңдау тегін емес деп ойлаймыз. Ғалым З.Ахметов те ақ өлеңнің қиындығын орынды байқаған: «Ерікті өлең сапалы келісті шығу үшін әр сөз, сөз орамы мағыналы, мәнді болмақ керек ырғақ-интонациясы жағынан оқшауланған әр сөйлем, қысқа сөйлемшелер ширақ, жинақы, оралымды болуы тиіс. Ал, өлеңді жәй ғана

кара сөзге айналдырып алмай, сөз ырғағын ширақ етіп келтіре білу, өлеңге әр сөзін салмақтап айрықша лебізбен оқуға сай қасиет дарыту-бұл үлкен ақындық шеберлікті талап етеді¹»-деп орынды байқаған, әрі сақтандырып отыр.

Қазақ поэзиясының, оның ішінде, қазақ лирикасының эстетикалық аренасы кеңейгендігі талас тұдырмайтыны шындық. Бірақ, біз жоғарыда қатты ескерткен пропорцияны үнемі есте ұстай отырып көз жіберуге, бағалауға тиіспіз. Сәкен, Ілияс, Қасым, Әбділда аясында түлеген кешегі Тұманбай, Қадыр, Мұқағали, Төлеген, Сағи, Өтежан, Жүмекен, Мұхтарлар лириканың жанрлық мүмкіндігін кеңейтіп отыр. Бұлар өздерінен алдыңғы топтың ең қажетті деген дәстүрін бойға жиды. Көзсіз еліктеуден, жалған жалау көтеруден аман болды.

Қашанда әдебиеттің бетін айқындап, дәуір талабына үн қатып, оның қоғамдық қажетін өтейтін де жеке озған дарын, өнер саңлақтары екенін тегін айтып отырған жоқпыз.

Олай болса біздің де жанр сипаты мен ерекшеліктерін ғылыми екшегенде солардың творчествосына сүйенуіміз заңды.

Жоғарыда аттары аталған бүгінгі таланты ақындарымыздың өзіндік эстетикалық мектебі бар екенін айта отырып, бұдан олар жеке-жеке тұйық көл деген ұғым жасамауымыз керек. Керісінше, олар бір-бірімен тығыз ұштасқан, бір-бірінен қуат ала, тізе қоса отырып өрледі, поэзиямызды дамытты. Олардың бір-біріне ықпалы дегенде 60-жылдардан берман қарайғы қазақ лирикасына М.Мақатаев пен Т.Айбергенов әсері үстемдеу болған сияқты. Бұл мәселеге де арнайы ғылыми зерттеу жүргізуге болар еді.

Тыныстың кеңдігі, сезімнің ауқымдылығы, қиялдық сергектігі, ойдың тереңдігі жағынан Мұқағали өзгелерден оза шапты, дараланды. Ал, Төлеген іздері қазір қазақ лирикасында тіпті көп. Өзінің поэзияға тән

¹ З.Ахметов. Өлең сөздің теориясы. А.1973. 207-бет.

күштарлығымен еріп кететін сезім жомарттығымен ақын біткенді маңайына магнитше үйіреді. Ол өлеңнің қара дауылын тұрғызып поэзия теңізін шайқайды. Оның асқақ та өршіл рухы лирика айдынында армансыз жүзді.

Төлеген Айбергенов-табиғатында лирик. Төлеген творчествосын еркін ақтара отырып көз жеткізуге болады. Дәл осы сипат тұрғысынан үңілсек, әлі де ақынның орны бөлек, биік тұр.

Төлеген дәстүрі бірнеше арнада жетілді, бірақ сезімдік салада тереңдеді деу қиын. Әр ақынның сезім көлемі өлшенетін, негізгі өлшемі-оның оқырманға әсері ғой. Әйтпесе, біз Сағидың, Қадырдың, Тұманбай, Өтежанның сезім-лабораториясы Төлегеннен тапты деуден аулақпыз. Бірақ, бұлар Төлеген сияқты көп жағдайда сезімді бірінші орынға шығармауы да мүмкін.

Көркемдік тәсіл ретінде де олар сезімді екінші, үшінші қабаттарына жасыруы да ықтимал. Соның салдарынан баллада, сюжеттік өлең, толғау т.б. лирика жанрлары өздеріне жаңаша өріс ашты. Яғни, сезім тең түскенімен, тәсіл бөлек. Ал, Төлеген болса, қашан да лирикалық «меннің» заңғарына қол созумен болды.

Көрсең ғой, шіркін, бәрін де көзбен көрсең ғой.

Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей.

Осынша сөзбен аштызар қылған аймаққа

Бір әсем дария керек-ақ екен дәл сендей

Қуаты керек мендегі асқақ арынның,

Құдыреті керек Әбділдалардағы дарынның.

Қара арман керек, қап-қара орман, түп орман.

Көзінде менің жарымның.

Ой да, ойлылық та оның сезімінде қақталып, дап-дайын боп пісіп алдыңызға келеді. Сондықтан көбіне ойдан гөрі сезімге елтеміз.

Жаныңызды алмастай суырады. Жоғарыдағы жолдардағы динамика, жанды сезімнің тасқын легі бөтен ой, бөгде қылыққа жібермейді. Шырын сезімге шыр айналған дүниені алқымға әкен бір-ақ тірейді. Міне, осы тұста оның сезім байлығына көз жеткізесіз. Бұл ақын үнемі осы тәсілмен жазады деген сөз емес. керісінше, табиғатқа байланысты толғаныстарында уақыт, кеңістік негізгі объект болады. Алайда, дүние жұмбағының өзі өзгеше бір тылсым дүниеге айналып поэзияның мысы басады. Сондықтан, туып-өскен жерге деген іңкәр махаббатын ол қашанда сөзбен емес, сазбен толғағандай әсерде отырасыз. Осыдан заңды сұрақ жуады. Сезімдік өлеңдерде көркемдеу құралдарының ролі қандай? Мәселен, Төлеген әлгі өлеңді қандай көркемдеу құралдарымен тұзақтайды? Мұнда бәлендей айшықты тіл өрнегі жоқ. Жалпы Төлеген образды тілді пайдаланса, тыңнан ойып жаңа үлгі жасауға ұмтылады. Ол-ақын творчествосының, өзгеше жемісті саласы. Бірақ ақынның жүрек лүпілі қайткенде оқырман жүрегіне жетуі-негізгі нысана. Айшықты образды көл-көсір пайдалана берудің өзі сауатты поэзияға жанаса бермейтінін ескерген жөн. Әңгіме-әр нәрсені дарытуда, нәзік талғаммен пайдалана білуде. Сол арқылы сезімдік қабат жасау. Содан барып табиғи ұйқас, ырғақ туындату. Мұның бәрін біз шеберлікке теліп жүрміз, әрине.

Кім білсін, басқа да сыры бар шығар.

Қарап отырсақ «Қара орман керек, қап-қара орман, түн орман көзінде менің жарымның» деген жолдағы интонация мен «орман» сөзін қайталау арқылы туатын екпіннің байланысынан-ақ динамикалық өріс жасалып тұрған жоқ па? Оған барып «Мендегі асқақ арынның, Әбділдадағы дарынның» ұйқастарын, онда да керемет мағыналық ұйқастардың, ара қатынасын пайымдасақ айтылғалы тұрған ой сезім дүниесіне айналып жүре бермей ме? Поэзияның күдіреттілігі сонда.

Экспрессивті сөздерді Төлеген өте шебер пайдаланады. Текстке

ешқашан көзге ұрмайды. Мәселен, «Көрсең ғой, шіркін, бәрін де көзбен көрсең ғой» дегенде әрине «шіркін» сөзінің атқарып тұрған ролі ерен. Ол сөзді алып тастасақ, сезімдік дүние емес, сұр қай хабарлама болып шығар еді.

В.Виноградовтың экспрессивтік сөздердің поэзиядағы қызметін ерекшелеуін кейбір ғалымдар (мысалы, Чичерин) қоштамаса да мән беруге тұрарлық пікір ме дейміз. «Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей» дегендегі «ау» шылауының қызметіне қараңыз. Бұл-грамматикалық форманың поэзия құрауы. «Грамматика поэзий, поэзия грамматики» деп Виноградов тегін баламайды. Төлегеннің құштарлығы асқындағанда «ау», «ак», шылауларына маңдай тірейтіні анық. Сезім сол жерден шоят табады.

Экспрессивтік ұтымды пайдалану арқылы сезімді жеткізе бейнелеу Қадыр Мырзалиевке өте-мөте тән тәсіл.

Мүмкін емес тыңдауым, елжіремей, балқымай.

Сөзбен жазбай тарихын, күймен жазған халқым-ай.

Мынау шешен шектерден сыр таптым-ау мен бөлек,

Бүкіл далам келді ғой көз алдыма дөңгелеп.

Немесе:

Боз дала құшағыңды аш қозың келді.

Боз тарта бастадым-ау өзім де енді.

Міне, мұнда да жоғарыдағы Төлегеннің сезімді дәл жеткізудегі тәсілі ап-айқын байқалады. Қазақ поэзиясында сезім тілінің грамматикалық осындай иірімдері осы екі ақында анығырақ сезіледі. Қазақ лирикасында алғаш тегеурін таныта сезім дүниесінің есігін айқара ашқан да осылар сияқты.

Төлеген осы тәсілдің биігінде қалды. Ал, Қадыр әрі қарай творчестволық ізденіс жолдарына түсіп кетті.

Қадыр өлеңдері әрі қарай драмалық ситуацияларға, тартыс, оқушымен

диалог, монолог т.б. элементтермен қазақ лирикасын жетілдіре, желпіндіре түсті. Лириканың философиялық, психологиялық трактатқа айналып кететін кездері болады. Мұны жатырқай алмаймыз, жатсынбаймыз, неге десеңіз соның бәрін ақынның шынайы сезімі арқылы беріледі.

Егер олар шынайылығын жойған болса Қадыр дәл бүгінгідей оқырман таппаған болар еді. Халық қашан да-өнердің барометрі.

Қазіргі қазақ лирикасының даму тенденция мен содан туындайтын түрлік өзгешеліктерін айқын көрсетіп отырған лириктеріміз: Т.Айбергенов, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Шаханов, Ж.Нәжімеденовтердің стильдік ерекшеліктерін ойлау арсеналдары дара-дара болғанымен олардың басын біріктіріп тұратын уақыт өлшемі бар.

Сондықтан да олар поэтикалық жағынан бір-бірімен жақындай түседі. Мәселен, Мұқағали, Төлеген, Мұхтардың он бір буынды қара өлең ұйқасына жазған сезімдік өлеңдері ішкі иірім, ырғақ, интонация жағынан бір-бірімен тым үндес жатады. Төлегеннің:

Есен-сау бармысыңдар, армысыңдар,

Армысыңдар, қария қарлы шыңдар.

Төсінен керуен-керуен көш өткен тау

Сен менің керуен-керуен көш өткен тау,

Сен менің керуен-керуен алғысымды ал.

Шұмағын Мұқағалидың:

Кең дүние, төсіңді аш мен келемін.

Кең дүние керемет қалпық менен,

Жүрек болып кеудеме кірші менің.

Немесе «көктем келді ауылға, мамырлап бұлт, таң-тамаша дүние, дабырлап жұрт» сияқты жолдар бір-бірімен тым ертеден туыс, бір-бірінен көп айырмасы жоқ жолдар сияқты. Қара-өлеңнің бұл ырғақтық өлшемі

«Қаратаудың басынан көш келедіден» басталады. Мұқағалидың: «Күні киген қазақ қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» деуі содан. Қара өлеңнің бұл үлгісі лирикаға да, поэмаға да, сюжетті балладаға да қолданыла береді. Мәселен, М. Шахановтың «Танакөз» поэмасының жолдарын қараңыз:

Ізгілік пен ізеттің баулауында,
Мама қаздар самғайтын қайнауында,
Достық атты қазына аралы бар,
Сонау Мақсат тауының жайлауында.

Байқап қарасақ, қара өлеңнің буын өлшемі ғана рөл ойнап тұрған жоқ. Негізгі тетік сол болғанымен, әр ақын өзіндік ерекшеліктеріне байланысты кейбір факторлардың да нәзік үндесуінде жатыр. Бұл алдымен табиғи бітім-болмыстың ұқсастығы. Дүниені қабылдау, образ орталығы. Содан барып ойлау мәнеріне, сөз қолданыстың, интонацияның ұқсауына апарады.

Сөз жоқ, қара өлеңнің жалпы ырғақтық үндестігі осы буын өлшеміне лайталған әрбір өлеңнен белгі береді. Өтежан, Сағидың он бір буынға лайықталған (әрбір өлеңнен белгі береді) өлеңдерінен де құлаққа таныс ырғақ, таныс үн жетіп жатады. Бұлардың арасын белгілейтін негізгі өлшем-интонациялық айырмашылық. Осы жерден келіп әрақын стильдік даралық таныта бастайды. Стильдік ыңғайдастық көрсете бастайды. Сөйтіп өнерде типтік жоталар қалыптасады. Біз жоғарыдағы үш ақынды іріктеуіміздің де осындай сыры бар. Дегенде де қазақтың қара өлеңі бүгінгі лириканың ана қаздай алдында тұрарын баса айтамыз.

Лириктеріміздің тілдік, образдық, жанрлық ізденістері осы қара өлеңнен тарап жатыр. Жоғарыда аты аталған ақындардың барлығы да қара өлеңнен бастаған. Сол арқылы жетіліп жаңа сөз айтты. Мәселен, Қадыр, Жүмекен, Мұхтарлар қара шаңырақ қара өлеңнен отау тігіп енші алды. Ал, Мұқағали қара өлеңді өле-өлгенше «құдырет» көрді.

«Қазақтың қара өлеңі-құдыретім, онда бір сұмдық сыр бар естілмеген» дейді. Қара өлең арқылы ол көркемдік көгіне көтерілді, өнердің тылсымына байлады.

Әр творчество тағдыры тарат-тарам. Таланттың жетелеген жағына үй тігеді.

Әр талант өзін толық ашқанда барып өзіне тән стиль қалыптастырады. Ол бір өлеңде бола ма, бес, он өлеңде ме-бәрі бір. Ал өзін іздеу жолындағы өлеңдерден ұлттық поэзиямыздың әр қасиетін көруіміз заңды құбылыс. Мәселен, М. Шаханов өз творчествосын сазды лирикадан бастап лириканың жанрына сюжетті өлеңге ойысып кетуі оның өзін табуы.

Шын мәнінде ол балладалар арқылы өзіндік поэтикалық мүмкіндігін толық ашты дей алмаймыз. Қазақ лирикасына тыңнан бір соқпақ қосылды. Баллада бұтақты айтып отырғамыз жоқ, жанр арқылы жаңарған тіл құнары, ұлттық тіліміздің поэтикалық тұтас қабаты қайта түлегендей болды. Осы жағынан Мұхтарды новатор ақын деуге әбден болады. Оның сезімдік көңіл күйі, сағынуы мен аңсауы, эпикалық үлгіге қалай айшық табады десеңші. Ұйыған сүттей дірілдеген сезім оның сюжетті дүниесін түгелдей лирика мүлкіне айналдырады. Оның эпикалық баяндауының өзінде лирикаға тән шапшаңдық, өткірлік үстем отырады. Ол шеберлік шыңдау үстінде тілдік жанрлық жаңалықтар енгізді. Ауызекі тілге жақындату ниетінен, өлеңнің драматизмін тереңдету мақсатынан ұзынды-қысқалы тармақтар пайда болады.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік көзқарасы мен қолтаңбасы бар, ізденіс пен ізгілікке жаны құштар, жүрегі жырға, көңілі нұрға толы талантты тұлғалардың бірі – Күләш Ахметова.

К.Ахметованың ақындығы алыптар тобының асылы мен асқарының сөз өресіне айналады. Ақындық өнер мен көркемдік қабылдау мұраты өмір тәжірибесімен уақыт бедерінен де із береді. Мұны К.Ахметова

поэзиясының бел – белестерінен жіті көруге болады. Айталық, К.Ахметованың алғашқы өлеңдерінде (Атамекен, «Ақпан айы», «Жол», «Қысқы бақта», «Оқырменмен әңгіме», «Көктем де келді», «Ыстық жаз», «Таңертең», «Түнде» тб.) ізденіс іздері адам мен оның еңбегіне құрмет, өмірге құштарлық, игілік пен ізгілік қасиеттері, жыл мезгілдері мен табиғат тамашалары кең орын алған.

Ақынның аталған өлеңдері адам әлемінің иірім сырлары, өмірдің нұрлы да жарқын сипаттары, еңбек мұраты мен ізгілік, инабат табиғаты сол секілді әр алуан ізденіс, салыстыру мен суреттеулер арқылы беріледі. Бұның бәріне де адалдық пен әділеттілік салтанаты, өмірдің өршіл сипаты, жасампаздық сырлары, еңбек қуанышы кеңінен көрініс береді.

Күләштің жырлаған тақырыбы, жанрлық ерекшеліктері, көркемдік стилі жағынан әр алуан. Ол қазақ даласындағы ұлттық идеяны, бүгінгі заман тақырыбын жырлайды. Табиғат толғаныстарын, сезім иірімдерін, адамгершілік пен ұлтжандылықты, жеке адам психологиясын, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін өлеңдерінің өзекті тақырыптары ете отырып, жаңа идеяны насихаттаушы ақын ретінде танылды. Күләш Ахметова лирикасының табиғатынан ұлттық болмыс бедері, қазақ тілінің өлең – жыр болып төгілген әрі мен нәрі, шұрайы мен шырайы қиял қанатымен қанаттанып, құштарлық, өнерге сүйіспеншілік сезімдері сырлы да нәрлі түрде өріс алады.

Адам өмірін үлгі ету, еңбек мұраттарын бағалау, келешекке үміт арту айқын аңғарылады. Кеше – бүгін байланысы берік те тағылымды. Мәселен, «Мен туған үй» өлеңінде:

Түрлі достар үйімізде бар біздің,

Тоғысатын шоғырындай жұлдыздың.

Балалайка тартып анам, ал әкем

Әнін салып отыратын қырғыздың, - деп балалық дәуренін

сағынышпен еске алу арқылы алтын тамыр – ауылға, кеше - бүгінге барлау – байлам жасайды [4-10]. Ақын үйді – отан бейнесінде алып, одан нәр – қуат алған адамдар әлемін, еңбек тынысын еркін де көркем, серпінді суреттейді. Ата - анаға құрмет, досқа беріктік санды сезім сырлардан да табиғилық, тазалық танылады.

К.Ахметова поэзиясындағы сыр мен сезім шындығы, тұтастығы – тақырыптық – идеялық сипаттарынан, жанрлық – көркемдік ерекшеліктерінен, тілдік – стилдік қырларынан танылар еді.

Бұл тұста, әрине, ақын өмір шындығын көркемдік шешімге айналдырар тұста, тақырып табиғатына айрықша мән береді. Ақын кез – келген тақырыпты толғаусыз толғап, қиыннан қиыстырып жаза бермегені ақын аңғарылады. Бұл ретте, әрине, өзі көрген, көңіл сеніп жүрекке берік ұялаған жайларды ғана тереңнен толғап, шынайы жырлайды. Өзін толғандырған тақырып табиғатына еркін еніп, оны әр қырынан танып, қалың көпке ізденіс – көркемділігімен, шеберлік пен шешендікке сай сомды бейне, ұтымды қырларымен жеткізу – Күләш Ахметова ақындығының басты белгілерінің бірі.

Күләш Ахметова лирикасындағы ізденіс арналары – ауқымды да ағысты, тақырыптары – іргелі де мәнді, көзқарас пен қолтаңба мәнерінен ақиқатты ту етіп, шынайы шындыққа табан тіреу айқын байқалса, мазмұн құрылымынан - ұлт пен ұрпақ мұратына адалдық, ел мен жерге берілгендік, адамдық істі ардақтау, кісілік пен кішілікке ден қою, тарих пен танымға, дәстүр мен дінге, діл мен тілге ерекше мән беріп, көркем де кемел, шебер де шешен жырлайтыны айқын танылады.

Күләш Ахметованың ақындық өмірінде де өзіндік өзгешеліктер мол. Оның бастысы және қайсібір тақырып, мәселелер өмір шындығына негізделуінде жатыр. Өлең мұраты, ондағы өмір оқиғасы мен лирикалық қаһарман әлемі осы бағыт, ұстаным аясында кең өріс алады.

Күләш Ахметова өмірін өлеңге арнаған. Өмірге өнердің көзімен қарайды. Сыр мен сезімді қатар ұстайды. Әр кезде шындықтың шырағданы бола біледі. Бұның барлығында да ақындық мұрат айқын. Ұлттық болмыс пен уақыт өрнегі бедерлі. Қазақ әдебиетіндегі қазіргі адым, жер, әлем, орта, гуманизм жеке адам тағдыры мәселелері көтерілуде. Кәдімгі қарапайым адам тіршілігі, психологиясы мен көңіл – күйі өрелі түрде, жоғары әлеуметтік деңгейде қозғалуда К.Ахметованың лирикалық туындыларында өмір шындығы және қаһарман әлеміне кең орын беріледі.

К. Ахметованың «Бұлақтағы жұлдыздар» (1982) атты өлеңдер мен поэмасы енген жыр жинағы – ізденіс іздері мол, тақырыбы мен мазмұны бай, көркемдік – рухани әсері жоғары, қолтаңба мен көзқарасы таным – түсінігі айқын, суреттеу амал – тәсілдері, шеберлігі мен шешендігі өзара үйлесім – тұтастық тапқан тағылымды туынды.

Жыр жинағы - бес бөлімнен тұрады. Алғашқы төрт бөлім – адалдық пен адамгершілік құндылықтарынан, игілік пен ізгіліктен, еңбек мерейі мен табиғат тамашаларынан тұрса, соңғы бөлімге «Болашақ үшін» деген

Б.Момышұлына арналған поэма енген.

Бұдан басқа, атап айтқанда «Қар жауып тұр қалада», «Күн бұлыңғыр», «Ыстық жаз», «Қызыл алма», «Өмір деген бояу», «Аппак гүлдер» сынды өлеңдері жаратылыстың ғажайыптарын, жыл мезгілдерінің кұбылысын адам әлемімен, оның еңбек әрекетімен, уақыт тынысымен өзара сәйкестікте суреттейді.

Адам мен табиғаттың ара – қатынасын, аспан асты, жер үсті көріністерін, күн мен түн байланысын, жұлдыздар сырын көңіл толқыны, жан сезім тербелістері негізінде нанымды жеткізетін «Бұлақтағы жұлдыздар» өлеңінен үзінді келтірсек.

Тыныштықта тұнжырап тұрды ізгі аймақ,

Сұлу сурет мойныңды бұрғызбай -ақ.

Көздің жауын алады жарқ – жұрқ етіп,

Жұмбақ толқын ішінде жұлдыз қайнап

Өлеңде өмір өрнектерімен бірге табиғат арқылы да адам әлемін аялау мен бағалаудың мол мүмкіндіктері бар. Ақын табиғат тылсымына үңілу негізінде адамзатқа ортақ мәселелерге назар аударады. Адам мен табиғатты қатар сөз етеді.

Ақынның табиғат лирикасы – кең даланың көрінісі. Ақын табиғаттың төрт мезгілін адам жанымен байланыстырып, оның өзі табиғаттың төл перзенті екендігін әр өлеңінде еске салатындай. Жүрегімізге терең үңіліп, ойымызға салмақ салсақ поэзия мен табиғат бір – бірімен ажырамас дүние, тамырлары тереңде, бір арнада тоғысқан тұтас жүйе екеніне ешбір шүбә келтіре алмаймыз. Табиғат – тұнып тұрған тыныштық ұясы ғана емес, тылсым, жұмбақ дүние. Тылсым дүниенің сырын ашу әрбір жеке адамның қолынан келмейді, ол үшін әрбір адамның бойынан ақынға тән жүрек пен әсемдікті бейнелейтін асыл көз, сергектік пен серпінділік сипаттар көп болуы шарт. Ақын мұраты, өлеңсіз өріс өресі

де осында.

Ақынның «Күн шыққанда күліп оян» деген өлеңі табиғат лирикасына арналған шығармаларының шоқтығы десе де болады. Ақын жаны да, тебіреністі тұстары да бейнелі, бедерлі беріледі.

Лирикалық арнау – әлемдік поэзияда көп таралған. Ақын басқаға қаратып жыр арнау арқылы өзі туралы емес, өзінің сезім – күйі арқылы өзге туралы ой қозғайды. Ортақ мәселеге үн қосады.

К. Ахметованың ақындығынан оның бел – белестері, көркемдік көкжиегі, өзіндік көзқарасы, қолтаңбасы жіті танылады.

Өлең өлкесінде өз тұстастары секілді өнімді еңбек етіп, ұлттық мұрат пен өмір өнегесін шынайы да шебер жырлағандардың алдыңғы қатарынан Күлаш Ахметованың есімі құрметпен аталады.

□□. Екінші бөлім

2.1. Күләш Ахметова лирикасындағы тілдік, стильдік, бейнелік құбылыстар

Күләш Ахметова поэзиясының көркемдік жүйесінен тақырып әр алуандығы, ізденіс мұраттары, өлең өрісі мен ондағы өрнек – өнегелері, бунақ, шумақ, тармақ табиғаты кеңінен көрініс береді. Ең негізгісі, Күләш Ахметованың ақындығы адами болмысты бедерлеуден, игілік пен ізгілікке құштарлықтан, өмір – уақыт тынысын сезінуден тұрады. Демек, ақын поэзиясы көркемдік таным арналарында қоғам, кезең көріністері бар сыр – сипаттарымен даралана түседі.

Күләш Ахметова лирикасындағы тілдік, стильдік, бейнелік құбылыстар да ерекше назар аударады. Әдебиеттану ғылымында стиль мәселесіне ерекше маңыз беріледі. «Стиль – форма мен мазмұн көркемділігінің жалпы сипаты. Стильді жеке суреткердің өзіне тән ерекшелігі туады. Әрі бір ғана шығарманың бойына тән ерекше стильдік сипаттарымен астаса, жарыса қиысып, оның тұтас творчествосына тән стильдік ерекшелігін жасауы мүмкін» [5.79]. Сол секілді, суреткердің өзіндік ерекшелігі оқшау, дара қалыптасатын құбылыс емес. Жеке стильдің жасалуы үстінде өткен, бұрыннан бар стильді қолданудан аулақтай алмайсыз, өйткені олар бірлесіп, өзара ұқсас көркемдік мәселені шешуге қатысады. Мұның ақындық өнермен де үндесетін тұстары бар.

Күләш Ахметова – махаббатты, сүйіспеншілікті жырлауға жаралған ақын. Арманындай аялаған жайсаң жігітке, өзінің, сөзінің бағасын білген асыл жарға, баллдай тәтті перзенттеріне, туған елге, өскен жерге, ардақты ерге сүйіспеншілік сезімі оның өлеңдерінің арқауына айналып, өріліп төгіліп жатады.

«Күннің нұрындай, гүлдің өріндей, нанның дәміндей, сүттің өңіндей, бөбектің иісіндей емірентпей, тебірентпей қоймас, кінә тақсақ, кие

айтатындай пәк жыр. Ол ананың пейіліндей дархан, ғашықтық жүрегіндей отты, сәбидің еңбегіндей нәзік, қарындастың көз жасындай мөлдір. Күләш – қарындас ақын. Қазақтай қарға тамырлы халықтың өзі тонның ішкі бауындай ерекше қастерлейтін бөлекше қимас жақыны – қарындаста ғана болатын асыл қасиеттердің бәріне ие абзал жыр. Бақырмай сөйлеп, бажылдамай жылап, шаршысына толып келе жатқанда, қара орманынан айрылып, қанатынан қайырылып, қамауға түскен халқын көріп, еңіреген елін, есірген жауын көріп, қаны қарайған, қаһарына мінген Қобыландының қарындасы Қарлығаштың назын тыңдағандағысындай тал бойың еріп, тас жүрегің жібіп сала береді, - деген қасиетті қаламгеріміз Әбіш Кекілбаевтың осы сөзіне ештеңе қосып айтудың қажеті жоқ шығар.

Күләш Ахметоваға шығармаларындағы топтамалардың бір үздігі туған жерге, Отанға арналған. Олар «Үшарал», «Талас», «Сексеуіл өскен сол өлке», т.б., «Сарыөзек – сағыныш», сынды өлеңдері мен поэмаларынан көрінеді. Бұл өлеңдердегі ақынның жүрегінің лүпілі, ыстық ықыласы, назды сағынышы айқын сезіледі.

Күләш өлеңдерінде халыққа деген ілтипат, махаббат ерекше жырланады. Ақынның шабытына дем беретін, оны рухтандырып отыратын күштердің ең бастысы халық екенін ақ жүрігімен ақтарыла:

Ортасында болуға жалықпап ем,
Жалғыз қалсам жан орта, шабыт та кем.
Қандай қызмет жасадым, хан көтеріп
Маған сонша дем берген халыққа мен.
Мейіріңе қалай мен тоя аламын,
Сол емес пе аяулым, сая бағым.
Халқым аман босын деп көз ілемін

Халқым аман болсын деп оянамын, - деп «Халық» деген өлеңінде ақындық шабыты мен талабына дем беретін ұлы қуаттың ең бастысы осы

халық екенін ақ жүрегімен ақтарыла жырлайды.

Күләш осы өлеңдерінде оқырман есіне қанша биік болсаң да халқыңа қызмет ет, адал бол, себебі ол сенің де қолдаушың, қорғаның деген адамгершілікті естеріне сала кетеді. Ия, халықты сүйген жүрек еш қателеспеуі тиіс.

Ақынның ел қамын ойлаған азаматтың үні тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында -ақ одан сайын биіктей түсті. Сондай топтаманың бірі Қазақстан Республикасы президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа арнауының терең мәні бар.

Сізге аманат – ертеңі армандардың,

Сізге аманат – өркені ормандардың.

Жалғанда жолы даңғыл болған емес.

Халқының қамқоршысы болғандардың, - дейді ақын. Елбасы – халықтың, халық – Елбасының тілегін тілеген заман енді туды. Ақын осыны түсінеді. Күләштің осы сипаттағы азаматтық үні алғашқы жинақтарынан – ақ байқалады. Оның өлеңдерінің алтын қазығы біреу – халық қамын ойлау. Сондықтан да «Диалогтар» деген деген өлеңіндегі ақын Жер:

- Жер – Ана!

Адамға бар не тілегіңіз?

- Қан төгіп соғыспандар, өтінемін! - деп әңгімелеседі. Ал, уәзірі мен өкім алдындағы патшаның әңгімесі де шынайы шыққан.

- О, падишам!

Саялы бәйтерегім

Таба алмадым дертімнің қайтар емін.

Алдияр!

Алдыңда тұр байтақ елің,

Халқыңа ақырғы рет не айтар едің?

- Бояуын,
Бар қызығын бала күннің
Үлбіреп дірілдеген лала гүлдің,
Ұлдың да,
Жылап қалған сұлудың да
Шын қадірін жаңа білдім.

Осы өлең жолдары жарық көргеніне қанша жыл өтсе де, ақын адал принциппен халықты сүйіп, Елбасын құрмет тұту идеясынан таймайды.

Кеш түсінген сияқты мұны елім де,
Қалай жүрдік өктемдік түнегінде?
Бір үн жетіп санама ғасырлардан
Ұлы Тұран оянды жүрегімде!
...Өз ұлтыңа құясың да, Иесің де – Сен.

Түсінесің қасиет киесін сен.

Дархан болсын,

Өр болсын,

Надан болсын

Бөлмей жармай, түгелдей сүйесің Сен, - деді ақын. Елбасы миссиясы мен Ақын миссиясы. Осылайша бір нүктеде түйіседі. Ол – халықтың бақыты үшін күрес. Бұл ғасырлар бойына тартыған ұлы күрес, адамзат сүйенетін алтын діңгек.

Ақын жүрегіндегі әділетті іздеу сезімі өз бастауын сонау ғасырлар қойнауынан алып, болашақ ғасырларға:

Мен Алладан сұраймын мінәжат қып,

Заман бізге жолатпай, сірә жатпақ.

Бұл далама,

Ұлтыма,

Ұрпағыма,

Шын мәнінде келгей деп шын Азаттық.

Мейлі бізге қиын жол, қиын азап,

Тербегенде табиғат – күйші ғажап.

Адамзаттың баратын дәуірінде

Аман – есен барса екен исі қазақ! – деп толғанады ақын.

Өзінің Отанға, халқына деген ыстық ықылас, жүрек жарды ыстық сезімінен туған қанатты жырлары арқылы, бүкіл елдің үлкені мен кішісін, ері мен ұрғашысын бірлік пен береке, ынтымақ пен татулық, ұлтжандылыққа шақыратын «Қазақтың тұтастығы қасиетті іс» деп аталатын өлеңінде:

Қазақты жамандама, қазақ бала!

Халық қой қазақ деген аз-ақ қана!

Мәңгілік

Ай астында,

Жер үстінде

Қазақтың жанашыры қазақ қана, - деп жырлайды.

Күләштің «Ақ гүлім менің» деген алғашқы жинағынан бастап, соңы кітабына дейінгі аралықта жыр әлемінің шексіз кеңістігі мен түпсіз тұңғиығына еркін бойлап, елі мен жерін – байтақ Қазақстанын үлкен махаббатпен жырлап келе жатқан жүректі тұлға екені даусыз.

Күләш ақынның бүкіл шығармашылығын шолып шыққан адам оның жырларының ең басты екі тірегін байқар еді: ол — ақынның туған ел мен жерге деген ыстық махаббаты және қоғамдағы, өмірдегі қайшылықтар мен әділетсіздіктерге, адам қолымен жасалған қиянаттарға қарсы күрескерлігі. Оның алпысыншы жылдардың ортасында жарық көрген алғашқы жыр жинағындағы әдеби қауымды елең еткізген Алғашқы өлеңінен бастап-ақ оқырмандар Күләш Ахметованы нәзік лирик ақын деп қабылдаған

болатын. Дегенмен, оның осы лиризмiнiң өзегiнде бiр өжет қайсарлық аңғарылатын. Өйткенi оның өр өлеңiнде боямасыз өмiр, тартысты тағдыр жатқан едi.

Сонау **кеңес заманының** қытымыр кезеңiнде қаршадай қыз осындай өмiр шындығын осылай жырлай алған. Адамнан кеткен сол мейiрiм қазiр бiзге қайта оралды ма? Мiне, бұл өлеңдi қайталап оқысаң да осы сұрақ кесе-көлденеңдеп алдыңнан шыққандай болады. Астарында ақынның бүгiнге, келешекке қабырғадан қойған осындай өткiр сұрағы тұр. Қоғам өзгердi. Бiрақ, ақын көзге шұқып айтқан "адамнан мейiрiм кеткен" заман таз кепешiн әлi шешкен жоқ. Тiптi, бұрынғыдан бетер болып, араздық меңдеп, бақастық билеп, жұрт бiр-бiрiне қаскөй қасқырша қарай бастаған сыңайлы. Тiршiлiктегi осыншама ащы запыранның, ұлы қыжылдың түп-төркiнi неде? Бұл ұлы Абай атам айтып тауыса алмай, бетiн қайтара алмай түңiлген түпсiз ыза едi ғой? Көңiлдер неге киiзге, жүректер неге мүйiзге айналады? "Қолайлы жағдай? Суреткерге ол жоқ. Өмiр дегенiмiздiң өзi қолайсыз жағдай", — деген Марина Цветаеваның сөзi де бұған жауап бола алмайды... Өйткенi "өмiрмен диалогта оның сұрағы емес, бiздiң жауабымыз маңызды" (бұл да М.Цветаева). Күлаш Ахметованың жырларының өзiне тартар жұмбақ магнитизмi бар. Ол махаббат мақамын да өзгеге ұқсатпай, өзiнше, Ахметова болып жырлайды.

Қазақты жамандама, қазақ бала!

Халық қой қазақ деген аз-ақ қана!

Мәңгiлiк

Ай астында,

Жер үстiнде

Қазақтың жанашыры қазақ қана, - деп жырлайды.

Сиқырлы поэзия әлемінде Ақұштап Бақтыгереевамен рухани үндес алаштың ақын қызы Күләш Ахметова. Өмірлері өлеңмен өрнектелген, поэзия биігінде қатар келе жатқан екі ақыннан рухани үндестікті, тақырып, сәйкестігін, көзқарас бірлігін, ұқсас иірімдерді көруге болады. Күләш Ахметова да лирика жанрына өлшеусіз үлес қосып, сезім иірімдерін өлең өрнектеріне сыйғызған ақын.

Жазылған жырлар! Жанымның құйттай құстары,
Жайлап жүрсiңдер тiрлiктiң қайса тұстарын?

Ұшырып ем ғой, шартараптарға барсын деп,
Сендерден бiреу керегiн тауып алсын деп.
Ғимараттардың басына емес, өмiрге
Ғашық жандардың кеуделерiне ұя салсын деп.

Мiне, осылайша киелi сөз өнерiнiң құдiретiн сезiне бiлген ақындардың өлеңдерi жасқа да, жасамысқа да серiк болады.

Лирикалық кейiпкердiң бар болмысы оқырманды сендiредi. Алыс пен жақынды, ағайын арасын табыстырып жүрген жеңгелерiне сыр шерте ме, өзiмен-өзi боп жалғыз кете ме, досына мұң-күйiк шерте ме, туған жердi аңсап, табиғатты тiлге тиек ете ме – табиғи сезiммен, қарапайым болмыспен баурайды.

Ақын жандардың өлеңге өосқан ең бiр жандарына жақын тақырып – туған жер. Бал балалықтың елесi қалған, қырында ән салып, бауырында

бәйшешек терген туған жерге деген сағыныш еш адамды бейжай қалдырмасы анық. Ал, ойларын өлеңмен өретін сыршыл жүректі ақындардың сағынышын сезінбеу, оқи отырып ерекше күйге енбеу мүмкін емес. Ақұштап Бақтыгереева «Жайққа сәлем де сен» деп келетін өлеңінде:

Сен Жайыққа айт, ерке қыз келеді де,
Өлең жазып ақ көйлек желегіне.
Сағынышы басылмай жүр дегейсің,
Құлаш ұрып қайтпаса тереңіне.

Сен Жайыққа айт көргенде анау ағын,
Аққан кезде аймалап жағалауын.
Дауылымен қанатын қайтармаған,
Келетінін сонда өскен шағаланың.

Туған жерін сағынбай шыдай ма адам?
Наз артпасын Жайығым бұлай маған.
Кез болды де өзіндей көктемдерде,
Өмірінің арнасын ылайлаған.

Көрген жоқ де бірақ ол ойдан налып,
Ән салды де жасқанбай тойларда анық.
Елең етпей күңкілін пенделердің,
Жүреді де өзінше жайраң қағып.

Сен Жайыққа айт, жолдас боп ездерменен,

Жағымпаз боп көрмеген, сөзге ермеген.

Қызың жүр де бір мінез өмір кешіп,

Сен сияқты арнада өзгермеген –

деп тебіреністі ойын жеткізсе, Күләш Ахметова:

Қайтарсың, қалқам, ауылға,

Асықтыруда күндер шын.

Сұраған досқа, бауырға

Үлбіреген дүниеден

Үйлесім іздеп жүр дерсің.

Қайтарсың, қалқам, ауылға,

Қуанып досың үлгерсін.

Сұраған туыс, бауырға

Ұлыдан қалған сөздердің

Ұйқасын іздеп жүр дерсің.

Екеуіміз туған үйге әлі,

Әкеме батыр тұлғалы

Арманшыл әпкең туралы

Бәрін де бәрін айтарсың.

Шаршасам, өзім кінәлі,

Кірістіремін кімді өзге?

Ізгілік болып ұраны –

Ұшырған туған ауылға
Жырларым жетер бір кезде.

Күләш пен Ақұштаптың қаламына ортақ тағы бір тақырып – жеңгеге сыр шертулері. Сырлы жеңге мен сұлу қыздың арасындағы сыйластықты құрметтейтін қазақтың салтымен аяулы жеңгелерге назды да сазды жырларын арнайды. Бұл тақырыпта Ақұштап ақын:

Жүзіңнің жылы жарқыны-ай,
Өзгеру білмес қалпың-ай.
Қыздардың назын көтерген,
Даламның дарқан салтын-ай.

Мінезің ашық ұнады,
Ұсынған шайың тұр әлі.
Жүзіңде сенің мейірім,
Ал менде өмір сұрағы.

Не десем екен, не десем,
Жанымды жырға бөле сен.
Аға мен дала бағына,
Жайрандап тұрған жеңешем –

деп асыл жеңгеге деген кіршіксіз таза сезімді қағаз бетіне түсіреді. Осы өлеңді оқыған әр оқырманның ойына өз жеңгесі орала кетеді. Лириканың күдіреті де осында болар. Бұл тақырыптан Күләш та айналып өтпейді:

Бақытыңды тіледік біз, тіледі ел,
Қуанышың әр жүрекке гүл егер.
Үмітіңмен жанымызды жұбат та,
Түңілгенше ортамызда жүре бер.

Бізге дағы оңай екен деме сен,
Алыстама, ақ батаны елесең.
Күтіп өткен жастың шағың үшін де,
Аға атынан қарыздармыз, жеңешем.

Бар ғой орны таңдырға да өкпенің,
Сол соғыстан бері ағам жоқ менің.
Сол ағаның көзіндейсің,
Басқаға
Қия алмаймын, о жеңешем, сөкпегін.

Күләш жырлары тұнықтығымен, ойшылдығымен, сыршылдығымен, табиғилығымен, тектілігімен баурайды. Әрбір өлеңі сырттай әрқайсысы өзінше жеке туынды көрінгенімен бір – бірімен үндесіп, ұласып, ұштасып жатқан тұтас әлем.

Сайрам салған сағынышпен келем де,
Қарлығаштар айналады төбемде.
Қырымнан да Римнен де артықсың,
Сенен ыстық жер жоқ маған әлемде...
...Сенсің менің асыл әнім, әңгімем,
Аязыңды еске аламын алдымен.
Ақ қарың ше?

Көрген жоқпын еш жерден

Ондай мөлдір, көп – көгілдір қарды мен.

Өзінің алтын ұясы Үшаралдан ұшқан ақындықтың ақ құсы бірте – бірте кеңге қанат жайып, биікке самғайды.

Ақын өлең жазарында қолайлы тақырыбын таңдайды, алдына мақсат қояды, нәзік сезімге беріледі. Кейде біреуден үйренгісі келеді, кейде біреуге ұқсағысы келмей, кең дүниеге құлаш ұрып кетеді. «Мен бір бақыт іздеп жүрмін достарым, Ұқсамайтын бақытына басқаның» деген сөзінде күнделікті күйбең тірлікпен жүрген, оңай олжамен пайда тауып байыған, сөйтіп өзінің бақытын дүниеден тапқан тоғышарларға ұқсағысы келмейді.

«Жұлдыздардай жарық әрі биік тым» деп өз бақытын сонау шетсіз, шексіз ғарыштан жұлдыздар арасынан іздейтінін аңғартады. Өзін толғандырған тақырып табиғатына еркін еніп, оны әр қырынан танып, қалың көпке ізденіс – қрқемдігімен, шеберлік пен шешендікке сай, сомды бейне, ұтымды қырларымен жеткізу – Күләш Ахметова ақындығының басты белгілерінің бірі.

Күләш Ахметова поэзиясының басты тақырыбы – сүйіспеншілік, ананың балаға, ғашық жандардың бір – біріне деген ыстық ықыласы. Дархан даладан түлеп ұшып, думанды жырдың иесіне айналған асқақ рухты ақынның анасына арнаған өлеңдерінен үзінді келтірсек:

Жылдан жылға жаз дағы жайдарырақ

Жарқырайды шақырып айна бұлақ.

Бар дүние елжіреп тұрғанменен

Мейіріміндей өзіңнің қайда бірақ.

Осы бір өлең шумағынан анаға деген сағыныштың алаулаған жалынын көрсек «Мұң» деген өлеңінен:

«Сен кеттің апа кешікпей,

Сездім мен өмір салмағын.

Бауырым жылап бесікте

Жатты мен жұбата алмадым, - деп жетімдіктің ең үлкен қасірет екенін, өмірдің ерте есейтіп, балалық шақтың тәтті күндерімен, аналық құшақтың жылылығымен, мейірім шуақпен ерте қоштасқанын айтып қайғырады. Әсіресе, қыз баланың ең жақын сырласы – анасы. Сондықтан, ақын анасының өмірден өтуімен, мұң оның ертерек серігіне айналғанын, қуыршақпен ерте қоштасқанын айтып, іші алай – дүлей болады. Ананың жылуына қанбаған, мейірімін аңсаған ақын өз басынан өткен жетімдіктің азабын ешкімге тілемейді:

Өтінен қашып ызғардың

Шешімге келдім неше осы:

Жанынан ерте қыздардың,

Кетпесе екен шешесі!.

Ал, ақын осы тақырыптағы «Шілтер» деген өлеңінде «Біздің үйде шешемнің қырғыз қыздарынан үйреніп тоқыған шілтері жатыр. Шілтер бар, тоқыған адам жоқ...» деген алғысөз жазып;

“Шілтеріңмен көз жасымды сүртемін

Сүрткен сайын жанарымды бүркер мұз.

Ол үшін сен қанша көркем гүл тердің!..

Өкінішті! Апа сенің ғұмырың

Ғұмырына жетпегені шілтердің”, - деп, ақын анасынан қалған асыл мұра – шілтерді көргенде жүрегі қарс айрылады, жүректен түйдек – түйдек өлең жолдарымен қоса, көзден көл боп жас ағады. Бала көңілі анасын іздеп, шарқ ұрады. Алайда, ананың балаға, баланың анаға деген сүйіспеншілігі – ақынды өмірге қайта әкеледі. Осы арқылы, ақын ананың балаға деген тау суындай сарқылмас ыстық сезімдерін жырға қосып, өз өлеңдеріне жаңа екпін, жаңа леп береді.

Ботақандарым!

Кішкентай сүйкімділерім

Көкірегімді иіскеп

Бұзыңдар ұйқымды менің.

Ересектерден көңілім қалған кездерде

Сендерге қарап кеудемде күй тынды керім, - деп аналық сезімін ақтарып салады. Өзі көрмеген қызықты баласының көруін, білуін тілейді. Өзі ала – алмаған махаббатты балаларына мейлінше көп беруге тырысып, аймалап, еркелетеді.

Тағы бір ерекшелігі – Күләш Ахметова әдебиеттің көркемдегіш құралдарын (теңеу, метафора, метонимия, эпитет, қайталау, арнау және тағы басқалар) өте шебер қолданған. Айтар ойымыз анығырақ болу үшін мысалдар келтіреміз:

Түсінем десең өзің біл,

Түңілтем десең өзің біл.

Түсіме кірген сезім – бұл,

Түсіндіре алмайтын кезім – бұл !

Өлеңді ажарлау құралдарының бірі – ассонанс пен аллитерация. Поэзияда қайталанып келетін бірыңғай дауысты дыбыстар ассонанс, ал бірыңғай дауыссыз дыбыстар аллитерация болып есептелінеді.

Ақынның осы өлең үзіндісі бірыңғай «Т» дыбысы әр тармақтың басында кездесіп тұрса, бірыңғай «Л» дауыссыз дыбысы әр тармақтың аяғында келіп тұр. Бұлар Күләш Ахметованың көп ақынның бірі емес, сөз қолданысының ірі екенін, стильінің басқаға ұқсамайтын ерекшелігін дәлелдейді.

Болсын сенде дос, ондаған, жүз мейлі,

Болсын бәрі мейірімді ізгі ойлы.

Бір – ақ адам сеніменен бақытты,

Бір –ақ адам сені аңсайды, іздейді.

«Б» дауыссыз дыбысы әр тармақтың басында келіп, тыңдаушысын да өзіне баурап алуы, ішкі көркем үндестігін қалыптастырып тұр.

Күләш Ахметова өлеңдерінде синонимдердің стильдік құрамда мол жұмсалғандығы байқалады. Оның махаббат лирикасы ойлы, тілдік құралдардың оралымдығымен, көркемдігімен ерекшелінеді. Ақын лирикасындағы синонимдер сөз табының барлық түрінен жасалған.

Адамның жеке басындағы әр түрлі болып өткен, болатын қасиеттерді жан – жақты көрсетуде зат есім синонимдерінің берілуі ұтымды, ал қимыл әрекетті суреттеуде етістік синонимдердің орны ерекше.

Ақын тіліндегі синонимдердің қолданылу мүмкіндігіне мысал келтірейік:

1. Сәлем, ел! Сәлем, дала! Сәлем, көлдер!

Сендерге қызығады әлемде елдер.

Жеңімпаз , батыр елдің адамдары

Бұл жердің ұлылығын дәлелдеңдер!

Отанға, жерге, туған елге деген ыстық сезім, мөлдір махаббатын әрбір адам баласының азаматтық сезімін оятуға арналған жырлары арқылы дәлелдеуге тырысқан бұл шумақта қатар келген контекстік синонимдер жеңімпаз, батыр сөздері. Өлеңнің басқы екі тармағы дыбыстық аллитерацияға құрылған. Ақын өз жерінің киелі қасиеттілігіне бас ие отырып, мұнда тұратын халықтың жеңімпаз батыр елдің ұрпағы екендігін бүкіл әлемге паш ете жырлайды. Сол сияқты қасиетті жердің даңқын, мерейін көтеріп, ұлылығын ардақтауға шақырады. Бұдан ақын қыздың еліне деген сүйіспеншілігін, мақтанышын байқаймыз. Біз сөзбен бере салмай, мағыналы сөзді қолдануы, батыр деп айта салмай, жеңімпаз деуі, өлеңнің әсерін күшейтіп, стильдік бояуын айқындай түсіп, үстеме мағына жамап тұр.

Бұл өлең жолдарынан ұлтқа деген мақтаныш, патриотизм анық орын алған.

Ұмыттырсын күн мен түн жиі алмаса,
Менен қашсаң берілме қиялға аса.
Еш әйелге ренжіп, өкпелеме
Мендей таза, тәкәппар сүйе алмаса! [11.35].

Өлеңнің үшінші шумағында ренжіп, өкпелеме синонимдері, контекстік синонимдер таза, тәкәппар қолданылған. Мұндағы ренжіп, өкпелеме қатар келген етістік синонимдер, адамның іс - әрекетін суреттеуде жұмсалып тұр. Синонимдік қатардың алғашқы сыңарынан, екінші сыңарының мағынасы басым келіп, өлеңге стильдік бояу беріп, тілдің шеберлігін танытады. Сонымен бірге өлең жолындағы лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі сезім оты таза, тәкәппар контекстік сын еміс синонимдері арқылы жалғасын тапқан. Тәкәппар сөзі ғашықтық әлеміндегі сезімнің тазалығы, яғни махаббат тазалығы ретінде берілген.

Әйел ақын өлеңінде күн мен түннің жансыз заттардың күресі суреттелуі, кейіпкердің жан дүниесіндегі алай – дүлей сезіммен ұштасып, астарласып жатыр. Өлеңнің мазмұны әйел затына деген силастық, әйел затын бағалау, аялау, ұлы сезімге деген адалдық. Өлеңнің идеясы әйел қауымының бірлігі. Бұл әйел ақындар поэзиясынан әйел затына тән қасиет, әр өлеңдерінде ажарлы бір нәзіктікпен жырланады.

Ақын ойының ұтқырлығын өлеңнің мазмұнын ашатын контекстік синонимдердің қолданылуында, өлеңге үлкен әсер беріп, поэтикалық тілдің ұшқырлығын, өткірлігін айқындай түседі.

Еркін қалмай қол создың ба таңдана.
Бетін тақап еміренді сәл ғана...
Сезеді өзін аңсап, күтіп жатқанын
Жазиралы, жазық төсті, кең дала!

Өлеңнің соңғы шумағы аңсап, күтіп етістік синонимдерге құрылған, түбірі аңсау, күту тұйық етістік формалы етістік синонимдер. Жазиралы, жазық, кең түбір сын есімдерден келген синонимдер. Бұлардың бәрі өлеңде сөйлемнің мазмұнын ашатын, стильдік синонимдер. Өлең жолынан ақынның туған жерге махаббаты, сағыныш сезімі айтылады. Сонымен бірге автор етістікті синонимдерді қолдана отырып, туған жерге деген махаббатын, туған жердің анасындай құшағына алып еміренуі, туған баласындай күтіп аңсауы, жансызға жан бітіре жырлауы, жүрек түкпіріндегі туған жерге, анасына деген сағынышы өлең мағынасының тереңдігін білдіреді. Дала келбетін жазиралы, кең синонимдерін қолдана отырып беруі, тілдің бейнелігін айқындай түседі.

Емірену, жазық төсті сөздері деп берілуі әйел заты ғана сезіп – толғана алатын аналық сезім, аналық мейірімді білдіреді, бұл тек қана әйел затына тән ерекшелік. Әйел ақындар поэзиясын оқи отырып, олар жырлаған кез – келген тақырыпты алатын болсақ, өлеңдері нәзік сезіммен, аналық махаббатпен жырланса, сонымен бірге ер азаматтарға тән ерлік те, батылдық та тән құбылыс.

Күләш Ахметова поэзиясындағы синонимдердің қолданылуы тек образ үшін емес, өлеңнің көркемдігін, экспрессивті – эмоционалды бояуын айқындау үшін таңдап – тауып қолдана білді, өлеңдерінде синонимдік қатардың стильдік мақсатта қолданылуы сөздер бояуының молыға түскенін байқауға болады. Ақын қолданған әр сөздің қызметі, әсері айқын, әр сөздің қызметі нақты, шынайы.

Поэтикалық бейнені дәл беруде синонимдерді талғап, таңдап өте шебер пайдаланған. Ақын өлеңдерінде мағыналас, мағыналары жақындасатын сөздерді контексте бір – бірін қатарластыра жұмсайды, лексикалық синонимдерді еркін меңгеріп, онымен өлеңнің мазмұнын ашуға, ойды тереңдетіп беруге қолданады.

Күләш Ахметова өлеңдерінде сирек кездесетін құбылыс анафораның қолданылуы бар.

Сендерсіз, әне сары белдерден асты күн,
Сендерсіз елім жинап та болды астығын.
Сендерсіз бірақ айдынның бауыры – тас бүгін,
Сендермен кеткен мазасыз шағы – жастығы

Бүгінде бүтін қазақ поэзиясы айдынының ақ шағаласы атанған Күләш Ахметованың есімі өлең сүйер қауымға жақсы таныс. Жүрек тебіренер жырлары оқырманның көңіл пернесін басып, адалдық, пәктік, іңкәрлік, сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерге жетелеп сарғайған сағыныштың ауылын аралатып, жүректің назды үнімен, көңілдің сазды әуенімен өзге бір әлемге жетелейді. Ақын толғанған, күй ақтарып, сыр шерткен тақырыбы сан түрлі. Сыршыл ақын жан дүниесіндегі тылсым сезімді бүкпесіз ашып, толқытқан ойларын оқырманға жолдайды. Тұңғиығына үңілгендердің рухани дүниесімен астасып, сезім қылын шертеді. Күләш ақын дүниенің барлық құбылысын өлең етіп ұйқастыра бермейді. Ол тек өзінің кішкене жүрегін дір еткізген нәрсені сезеді, көреді. Сол сезімі өлең болып өріледі. Ақын өлеңдері жанры жағынан лирикаға құрылған. Лирика – әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезімін астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма. Көбіне өлеңмен жазылады, сюжетке көп бара бермейді. Оқиғадан көрі отты сезім маңына, бас-аяғы тұжырымды бірер философиялық ой маңына жинақталады. Лирика тілсіз түйсіктерге сөз береді, оларды тар кеуденің қыспағынан көркемдік өмірдің таза самалына алып шығады да, ерекше өмір сүргізеді. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі, бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның

көңіл-күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Бар адамды бір адамның «қуанышымен қуантып, қайғысымен қайғыртар, шаттығына бөлеп, үмітімен тыныстатар, құлағымен есіттіріп, тілімен сөйлер...» лирика дегеніңіз осы ғой! Күләш Ахметова да лирика жанрына өлшеусіз үлес қосып, сезім иірімдерін өлең өрнектеріне сыйғызған ақын.

Жазылған жырлар! Жанымның құйттай құстары,

Жайлап жүрсіндер тірліктің қайса тұстарын?

Ұшырып ем ғой, шартараптарға барсын деп,

Сендерден біреу керегін тауып алсын деп.

Ғимараттардың басына емес, өмірге

Ғашық жандардың кеуделеріне ұя салсын деп.

Міне, осылайша киелі сөз өнерінің құдіретін сезіне білген ақындардың өлеңдері жасқа да, кәріге де серік болады. Лирикалық кейіпкердің бар болмысы оқырманды сендіреді. Алыс пен жақынды, ағайын арасын табыстырып жүрген жеңгелеріне сыр шерте ме, өзімен-өзі боп жалғыз кете ме, досына мұң-күйік шерте ме, туған жерді аңсап, табиғатты тілге тиек ете ме – табиғи сезіммен, қарапайым болмыспен баурайды.

2.2 К.Ахметова поэзиясының басты тақырыптары

Күләш Ахметова лирикасындағы ізденіс арналары – ауқымды да ағысты, тақырыптары – іргелі де мәнді, көзқарас пен қолтаңба мәнерінен ақиқатты ту етіп, шынайы шындыққа табан тіреу айқын байқалса, мазмұн құрылымынан - ұлт пен ұрпақ мұратына адалдық, ел мен жерге берілгендік, адамдық істі ардақтау, кісілік пен кішілікке ден қою, тарих пен танымға, дәстүр мен дінге, діл мен тілге ерекше мән беріп, көркем де кемел, шебер де шешен жырлайтыны айқын танылады.

Ақын жандардың өлеңге қосқан ең бір жандарына жақын тақырып – туған жер. Бал балалықтың елесі қалған, қырында ән салып, бауырында бәйшешек терген туған жерге деген сағыныш еш адамды бейжай қалдырмасы анық. Ал, ойларын өлеңмен өретін сыршыл жүректі ақындардың сағынышын сезінбеу, оқи отырып ерекше күйге енбеу мүмкін емес. Күләш Ахметова:

Қайтарсың, қалқам, ауылға,

Асықтыруда күндер шын.

Сұраған досқа, бауырға

Үлбіреген дүниеден

Үйлесім іздеп жүр дерсің.

Қайтарсың, қалқам, ауылға,

Қуанып досың үлгерсін.

Сұраған туыс, бауырға

Ұлыдан қалған сөздердің

Ұйқасын іздеп жүр дерсің.

Отан ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді.

Сондықтан болар Күләш:

Сен – қазақсың!
Қазақ деген ел бөлек,
Қазақ салған соқпақ бөлек, жол бөлек.
Киіз үйі Жер сияқты жұп-жұмыр,
Шаңырағы күн сияқты дөңгелек.

Сен – қазақсың!
Алғызбайтын барыссың!
Ар – ожданның асқағысың, намыссың!
Тағдырыңды танығысы келгендер
Тасқа басын тарихыңмен танысың!

Азаматтық үнінің айқындығымен, нәзік сыршылдығымен ерекшеленетін Ахметова шығармалары туған елді сүю, адалдық, достық, махаббат сезімдерін арқау етеді. Замандастың көңіл-күйі, жан әлеміндегі құбылыстар, әйел тағдыры — ақынның лирикалық толғаныстарының арқауын құрайды. Шындығына келгенде Күләш кешегі Қарашаш ана, қыз Құртқа, Гүлбаршын, Домалақ ана, ақын Саралардың заңды жалғасы. Нәзік жанды ақындардың өлеңдеріне ең көп арқау болған тақырып та-осы. Әйел болмысының қадір-қасиетін, ананың сәбиге деген шексіз махаббатын тереңнен толғап жазады. Ақын бір емес бірнеше өлеңін «Қарлығаштарына» арнайды. Өлеңдері оқырманға шексіз махаббат теңізінің ұшы, қиыры жоқ жағалауын аралатып, ана жүрегінің кеңдігін, ана сезімінің мөлдірлігін, ұлылығын сан мәрте мойындатады. Сөзбен айтып жеткізе алмайтын күйді тек поэзия жолдары ғана шерте алатын секілді. Күләш Ахметова ана жүрегінің дүрсілін:

Балапандарым!
Бақытым, алданыштарым!
Сендермен биік мендегі ар,

Намыс... бәрі

Қуаныңдаршы мені шаршатып жүріп,

Сол болар асқақ самғап ұшқаным.

Мен күйген отқа сендер күймегенсіңдер

Сондықтан маған қуат пен күй берерсіңдер.

Шектемейін , ұрысып, ақыл айтып

Өмірдің өзі-мектеп

Үйренерсіңдер.

Бұл жолдарға көз жүгірткен, түсінген жанның рухани дүниесі байып, миірімі мен махаббаты өзгеден ерек ана жүрекке деген шексіз құрметі арта түседі деген сенімдемін.

Ақын-ұлттың байлығы. Ол ұрпақтарды рухани қоректендіріп, адамгершілік пен шыншылдықтың, әділеттік пен адалдықтың негізін қалайды. Бақытын өлеңнен тапқан қазақтың ақын қызының шығармашылығына үңіле келе үндестікті таптым. Сөз маржандарын терген ақынның шығармашылығы тұнығына бойлаған сайын батырып әкетеді. Күләштің қаламына тиісті тағы бір тақырып-жеңгеге сыр шертуі. Сырлы жеңге мен сұлу қыздың арасындағы сыйластықты құрметтейтін қазақтың салтымен аяулы жеңгелерге назды да сазды жырларын арнайды.

Бақытыңды тіледік біз, тіледі ел

Қуанышың әр жүрекке гүл егер

Үмітіңмен жанымызды жұбатта,

Түңілгенше ортамызда жүре бер.

Бізге дағы оңай екен деме сен

Алыстама, ақ батаны елесен,

Күтіп өткен жастық шағың үшін де

Аға атынан қарыздармыз жеңеше.

Асыл жеңгеге деген кіршіксіз таза сезімді қағаз бетіне түсіреді. Осы өлеңді оқыған әр оқырманның ойына өз жеңгесі орала кетеді. Лириканың құдіреті де осында болар. Ақынның өлеңдерін оқи отыра қыздардың бойындағы бар сұлулықты, нәзіктікті аңғаруға болады.

Хабарласпай кеткенің дұрыс болды,
Көңілі таңғы судай салқындасын деген шығарсың,
Оңаша қаймығып, ән тыңдасын деген шығарсың.
Менен басқа өмірді де есіне алсын деген шығарсың,
Егіліп жыларсың да басыларсың деген шығарсың.
Май айында басынан күзді өткерсін деген шығарсың,
Сүйетіні шын болса, іздеп келсін деген шығарсың.
Мейрамда да қуанбай, мұңға батсын деген шығарсың,
Сынық жүзден суық мұз сырғанатсын деген шығарсың.
Менің әлсіз жанымды күйретейін деген шығарсың,
Қаталдыққа осылай үйретейін деген шығарсың.
Бәрі де солай болды, жылаймын мен,
Ерісе деп ертерек мұз боп қалмаймын
Бәрі де солай болды, тек қана іздеп бармаймын
Мен - нәзік гүлмін, сен - құламайтын шынарсың,
Бірақ мен шыдағанда, оған сен шыдамайтын шығарсың!

Ия. Шынында да қыздардың махаббатқа деген беріктігін, бір жанды сүйсе құлай сүйетіндігін, қыздардың ішкі жан сырын, жүрек түбіндегі сөздері осы өлең арқылы кереметтей бейнелеген. Ал, ақын мына өлеңінде өзінің ғашықтығын анық бояулар суреттеген:

“Сіз осы шыныменен білмейсіз бе,
Кезігіп қала берем бірдей сізге?”

Сіз жүретін жерлерде, әлде мені,
Адасып, не ерігіп жүр дейсіз бе?

Қағылуы махаббат қанатының,
Жаныңызға жабырқап баратыным.

Байқалмай ма сізге осы,
Қып-қызыл боп, қипақтап қалатыным.

Поэзия өнер мүлкі ретінде қыр-сыры мол жан-сезімнен тыс поэзия болмайды. Оның ішінде лирика тікелей сезімдік туынды екені мәлім. Алайда әр ақынның сол сезімді поэзияға өзек етуіндегі эстетикалық арсеналдары түрліше. Негізгі объект алдымен талант қырларында жатыр. Айту мәнері шабыт көзінде жатыр. Лирика – белгілі бір уақыт пен ортаның жемісі, сол орта мен уақыт перзентінің көңіл-күйі, жан тебірінісі. Оның бойындағы барша қасиет – қадірді нақты мезгіл рухы, дәуір мазмұны айқындамақ. Ендеше біздегі лирика – замандасымыздың рухани өмірінің, сезім әлемінің, ой дүниесінің көрікті сурет екені даусыз. Лирикадағы басты образ – лирикалық қаһарман. Бұл образдың түп негізі - ақынның өзі болғанмен лирикалық кейіпкер – жинақталған, дараланған, яғни толық мағынадағы әдеби бейне санатына көтерілген, ақынның ғана емес, оның замандастары атынан сөйлеу хақына ие болған тұлға, яғни ақын мен оқырман, өлең мен оқырман проблемасына белгілі дәрежеде, сол лирикалық қаһарман мен оқырман арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қараймыз.

Әдебиеттің негізгі құралы – тіл. Ұста металды, суретші бояуды қандай жақын білсе, ақын тілді сондай жақсы білуі керек. Онсыз ол өзінің ой-сезімін, өмір тәжірибесін басқаларға суреттеп жеткізе алмайды. Өмір картинкасын, адам образын жасамайды. Тиіс – сан сөздің жиынтығы, ал сөздердің ішінде терең ой, сұлу сын, нәзік сезім, асқақ көңіл, өжет ерлік

тағы басқа адам мінезіне тән ерекшеліктерді көркем суреттейді.

Ақын өзінің шығармаларында көркем образ жасауда сөзбен сурет салуды өзіне тән өзгеше мәнер, машық танытып, көрікті құралдарын өте шебер қолданады.

Күлаш Ахметова құбылтулары мен айшықтауларында қолдана – қолдана әбден жауыр болған көріктеу құралдары жоқ, ақын мен өзінше ізденіп, бейнелі сөздерді жаңарта, жаңғырта қолданады. Ақынның қиыннан қиыс тараған объектіні өмір құбылыстарын ықшамды, бейнені әрі нақты затты көрсетеді. Қай өлеңін алып қарайық, олардың әрқайсысында троп атаулының құбылып, құлпырып, олардың жылы лебімен, терең әсері өзара өріліп, өзгеше өнеге алған, үйлесім тапқан Абай айтқандай «Сылдырап өңкей келісім, тас бұлақ тың суындай» айрықша гармонияға көшіп отырады.

Күлаш Ахметова да туған халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілерінен мол сусындаған, өзгеше өнеге алған, оның өлеңдері халықтық ұлттық сипаты да айқын, дәстүрге өз жаңалығын қосып, сөз өнерін біршама байыта білген, ақын поэзиясында өмір құбылыстарын көз алдына қаз – қалпында еш қоспасыз түрлі әдістерді қолдана отырып, көркем суреттейді.

Өмір құбылысын суреттеуде эпитет, теңеуді ақын өлеңдерінде өте шебер қолдана біліп, көркем шығуына септігін тигізген, өлеңдерінде өте жиі қолданған. Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының сөз арқылы ерекшелендіріп, белгілерін анық көз алдыға елес арқылы түрлі қозғалысқа ендіріп, адамның ой – қиялына, сезіміне әсер етіп, ақылымен бірге сенде құбылып, өзгеріп, өсіп, қуанып, қайғырып отырасың. Мысалы:

Сізді ойламай көзімді әлі ілдіріп

Көргенім жоқ, керек пе жалындыру?

Өртенемін жаныма жалын кіріп,
Әдейі үнсіз жүрсіз бе, бәрін біліп?..

Қара көзден қашсаңыз, несіне ерсіз,
Бір әдемі бақытқа кешігерсіз.
Қарап қалсам, өтесіз көрмегенсіп,
Оңбағансыз, не деген, кешірерсіз...”

Ақын әйелдер жанының құпиясын, арманын, махаббатын көп жазады. Ақын-өз заманының ар-ожданын, болашағы үшін өмір сүреді. Әлденеден мұнайған кезінде, біреудің пасықтығынан, жүрегі мұздаған кезінде, кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Күләштің досы, сенері, мұңдасы, берер дәрі-дауасы—поэзия!

Біздің аңдағанымыз ақынның ішкі жан-дүниесінің қаншалықты нәзік екенін, алайда ешқашан өмір өткілдерінен тайсалмай, өз бойындағы қайратты сезініп, өнер деп аталушы аспан әлемінде сөнбестей із қалдырып келе жатқан ақынымыз. Өнер жолындағы әйел адамның тағдыры тым жіңішке, жаңбырлы ауа райында тайғанақ жартастардан аттап, соқпағы көп жолдың сонау алыс шатқалда бір сәуле бар деп ұмтылатын нәзік кеуденің бойында өмірге деген құштарлық, шыдамдылық, поэзияға деген асқақ махаббат болады. Ол әрқашанда жүрекпен сезіп жырлады. Әйел бойындағы бар қасиетті көрсетуден жалықпаған Күләш ана мейірімі, адал жар пейілі, махаббат құдіреті қаншалықты ғажап екенін әрқашанда ұғынып отырды. Оқырманы әрбір өлеңін оқи отырып өзіне рухани азық алатыны сөзсіз.

Қағылуы махаббат қанатының,

Жаныңызға жабырқап баратыным

Байқалмайма мен сізге осы

Қып-қызыл боп қипақтап қалатыным – адам жанының нәзік сезімі, ақ

сөйлейтін пәктігі мен адалдығы, жақсы адамдарға тән жайдары мінезі болып табылады. Күләш Ахметованың махаббат тақырыбындағы жырлары – жыр сүйер қауымның көз қуанышына, рухани кәдесіне айналды. Күләш – қазақ әдебиетіндегі қайталанбайтын өзіндік жыр өрнегі бар сезімтал ақын. Күләш Ахметованы өзге ақындардан ерекшелеп, даралап көрсететін – оның өлеңдеріндегі шынайы, таңғы шықтай мөлдір жырындағы лиризмнің үстемдігі және ғашықтықты ғиззат тұтудың, сұлулыққа сүйіспеншіліктің, асыл сүйіністің жарасымды жырын кестелейді.

Күләш Ахметова жырлары өз оқырманын бей-жай қалдыра алмайды. Өзіндік нәзік сыршылдықпен өрілген ақын өлеңдерінің тамыры тереңде жатыр. Қазіргі таңда әдебиет сүйер қауым көркем сөздің, көркем ойдың құдіретіне бас иеді. Әдебиет – асыл да көркем ойдың жемісі. Күләш жырын оқыған әрбір жан, оның жырларынан да өмірінің титтей де болмасын сәулелі сәттерін көз алдынан өткізіп, бір серпіліп қалары ақиқат.

«Бегімайдың мұңы» қалқып санамда,
Жыр жазамын ғашық болып қалам да.
«Айша Бибі» күмбезіне тәу етем,

Ахметова жырларынан табам да»,– деп бүгінгі өркендеп келе жатқан поэзия әлеміне енді ғана бас сұққан талант иелері осылайша ақынға жыр жолдарын арнайды.

Күләш өлеңдері еліне, халқына қызмет етіп, адал ниетте әр адамның жүрегінде жұлдыздай жанып, жарық нұр шашыратып тұр. Өйткені ол жыр Күләші!

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміз егемендік алғалы жиыра төрт жыл ғана уақыт өтіпті. Бұл тарих үшін көп мерзім емес. Бірақ осы бір қас қағым уақыттың ішінде біздің Өзбекстан Республикасы қаншалықты өркендеп, гүлденіп, жаңарып та жасарып кеткенін өз халқымыз ғана емес, бүкіл әлем көріп те, мойындап та, тіпті таңырқап та отыр. Осының бәрі еліміздің ауызбірлігі мен халықтарымыз арасындағы өзара түсіністік пен татулықтың арқасы дер едік, Мұнда президентіміз И.А.Каримовтың еңбегі орасан зор. Мемлекетіміз басшысы жүргізіп отырған сара саясат экономика саласында болсын, мәдениет пен өнерде болсын, ғылым мен білім беру ісінде болсын - қазір өз жемісін беріп отыр.

Біздің республикамыздың басты байлығы оның еңбеккер халқы мен халықтар арасындағы достық пен ынтымақ екендігін тағы бір мәрте айтуға тиіспіз. Бұл салада іске асып жатқан жарқын істер мен нәтижелі шаралар барша дүние халқын тәнті етпекте. И.А.Каримов «Бизнинг жамиятимиз этник гурухлар ва миллатлар уртасида шу худудта яшайдиган хар қандай одамга узини эркин ва тенг хуқуқли деп хис қилиш имкониятини берадиган узаро муносаботлар урнатилишига интилмоқда³»- деп көрсеткен еді, Бұл мәселе ешқашан да өз күшін жойып, күн тәртібінен түскен емес.

Өзбекстанда жасаушы негізі ұлттардың қатарында қазақ халқы да тұрады. Бір миллионнан астам қазақтар үшін Өзбекстан өз Отаны, өз мемлекеті болып, онда олар өз ана тілінде оқып білім алып, өз халқының әдебиетімен сусындап отыруларына толық жағдай жасалған. Өзбекстандағы қазақтар ғана емес өзбектер мен қарақалпақтар да туысқан халықтардың, оның ішінде қазақтардың да әдебиеті мен мәдениетіне сүйсініп, қызығып отырады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті ақын қыздарының бірі Күлаш Ахметова - Өзбекстанда да көпшіліктің ең сүйіп оқитын ақыны. Оның көптеген өлеңдері өзбек, қарақалпақ тілдеріне аударылған.

Қазақ поэзиясының нәзікжанды ақындарының бірі әрі бірегейі – Күлаш Ахметова творчествосының қайнар көзі - өз халқының өмірі мен тарихы болып есептеледі. Қай кезде де творчестволық қадамын бастаған дәуірден ақ әдебиеттің халықтық принципін қатаң да берік ұстанған талантты ақын өзінің елу жылдан астам уақыттағы әдеби қызметінде осы жолды берік ұстанып өтті.

Күлаш Ахметова әсіресе, қазақ поэзиясында лирика жанрының дамуына, оның жанрлық және стильдік тұрғыдан дамуына, тақырып жақтан баюына айтарлықтай үлес қосты. Автордың лирикаларында заманның шындығы, халқымыздың тұрмысы, адам баласының ішкі күйініші мен сүйініші – бәрі де реалистік тұрғыдан зор көркемдікпен суреттеледі. Әсіресе, өз қандастарымыздың өмірін жырлау – ақын шығармашылығының барлық кезеңдерінің негізгі арқауына айналған болатын.

Мариям Хакімжанова, Ханбibi Есенқараева, Марфуға Айтхожина, Фариза Оңғарсынова және т.б. бастаған қазақ поэзиясының туын жоғары көтерушілер қатарында Күлаш Ахметованың да есімі орынды тілге алынуы тиіс. Ол өзінің бағытас, идеялас ағалары сияқты жаңа қоғамды, заңа заманды үлкен пафоспен, зор көтеріңкілік рухта жырлап өтті.

Әдебиеттің дамуы, оның көрнекті өкілдерінің творчествосы бүгінгі әдебиеттің өсу бағытының проблемалары жазылған әдеби-сын мақалалары мен зерттеулерінің қазақ әдебиеттануы мен сынынан алатын орны елеулі. Күлаш Ахметова орыс халқы мен туысқан басқа халықтардың да аса көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы

³ И.А.Каримов. Узбекистон буюк келажак сари. Тошкент. Узбекистон. 1998. 481 б.

өз халқының рухани қазынасын байытуға үлкен үлес қосты. Ұзақ жылдар әдебиеттің бар саласында өндіре еңбек еткен Күлаш Ахметованың қазақ әдебиеті тарихындағы орны да ерекше.

Біз өзіміздің мамандық жұмысымызда Күлаш Ахметованың поэзиясын жан-жақты зерттеуді мақсат еттік және осы мақсатқа сай поэзиясының барлық қырын өз халімізше толық талдауға ұмтылдық.

Күләштің жырлаған тақырыбы, жанрлық ерекшеліктері, көркемдік стилі жағынан әр алуандығын, ол қазақ даласындағы ұлттық идеяны, бүгінгі заман тақырыбын жырлағандығын, табиғат толғаныстарын, сезім иірімдерін, адамгершілік пен ұлтжандылықты, жеке адам психологиясын, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін өлеңдерінің өзекті тақырыптары ете отырып, жаңа идеяны насихаттаушы ақын ретінде танылғандығын, Күләш Ахметова лирикасының табиғатынан ұлттық болмыс бедері, қазақ тілінің өлең – жыр болып төгілген әрі мен нәрі, шұрайы мен шырайы қиял қанатымен қанаттанып, құштарлық, өнерге сүйіспеншілік сезімдері сырлы да нәрлі түрде өріс алатындығын, өзіндік ерекшеліктері болатынын ескере отырып, поэзиясының жанрлық ерекшеліктеріне көбірек тоқталдық.

Бітіру-мамандық жұмысын жазу барысында, біздің байқағанымыз ақынның ішкі жан-дүниесінің қаншалықты нәзік екенін, алайда ешқашан өмір өткілдерінен тайсалмай, өз бойындағы қайратты сезініп, өнер деп аталушы аспан әлемінде сөнбестей із қалдырып келе жатқан ақынымыз екендігі. Өнер жолындағы әйел адамның тағдыры тым жіңішке, жаңбырлы ауа райында тайғанақ жартастардан аттап, соқпағы көп жолдың сонау алыс шатқалда бір сәуле бар деп ұмтылатын нәзік кеуденің бойында өмірге деген құштарлық, шыдамдылық, поэзияға деген асқақ махаббат болады. Ол әрқашанда жүреппен сезіп жырлады. Әйел бойындағы бар қасиетті көрсетуден жалықпаған Күләш ана мейірімі, адал жар пейілі, махаббат

күдіреті қаншалықты ғажап екенін әрқашанда ұғынып отырды. Оқырманы әрбір өлеңін оқи отырып өзіне рухани азық алатыны сөзсіз.

Күлаш Ахметова– қазақ поэзиясының озық шебері, аса талантты ақыны екеніне айғақ боларлық тұстар баршылық. Оның бәрін бірдей жұмыста толық қамтыдық деп айта алмаймыз.

Қорыта келгенде, Күлаш Ахметова поэзиясы 70-80 жылдардағы қазақ әдебиетінің елеулі табысы екендігі ешқандай дау туғызбаса керек. Ақын поэзиясында туысқан халықтардың достығы, қыз-жігіт арасында шыңдалған махаббат сезімдері туралы кең мәлімет береді.

К.Ахметова әйел адамдардың лирикалық бейнесін жасауда да үлкен қызмет жасаған ақын болды. Оның идеялық мағынасы терең, көркемдігі жағынан жоғары, жақсы да сапалы жазылған құнды туындылары қазақ поэзиясының дамуы үшін үлкен үлес болып қосылады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. И. А. Каримов . «Юксак маънавият – енгилмас куч». Тошкент. 2008.
2. «Қазақ әдебиеті тарихы». Алматы, 1987. II том. 2-кіт.
3. З. Қабдолов «Жебе». 1989.
4. З. Қабдолов «Сөз өнері» 2006
5. Абдуалиева Ж. Б. “Күләш Ахметованың лирикасы”
Автореферат. ҚР. Астана 2006 жыл. 10-бет.
6. К. Ахметова “Күн шыққанда күліп оян”. Алматы: Ана тілі,
1996 – 10 бет.
7. К. Ахметова. “Бұлақтағы жұлдыздар”. Алматы: Жазушы. 1982 жыл.
8. К. Ахметова. “Арғымақтар даласы”. Өлеңдер. Алматы. Жалын. 1987
жыл. 142-бет.
9. “Күн шыққанда күліп оян” Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. «Ана
тілі» 1996 жыл 35 бет.
10. Ахметова К. “Сен менің бақытымсың”. - Алматы: Жалын. 1977. 80-бет.
11. «Қөркемдік – кілті кемелдік» (жинақ) Алматы. 1994.
12. Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» Алматы Жазушы 2007 ж
13. М. Қаратаев «Ізденіс іздері» Алматы Жазушы 1997 ж
14. С. Қирабаев «Талантқа құрмет» Алматы Жазушы 1993 ж
15. Б. Кәрібаева «Қазиргі қазақ лирикасы» Алматы Жазушы 1999
16. С. Негимов «Әдебиет әлемі» Алматы Ана тілі 2008 ж
17. Ш. Елеукенов «Жаңа жолдан» Алматы Жазушы 1989 ж
18. А. Сейпутанова «Қазіргі поэзия және стиль» Астана 2008 ж

Мазмұны

- 1.Кіріспе _____
- 2.Бірінші бөлім
К.Ахметова өмірі мен шығармашылық жолы _____
- 3.Күләш Ахметова лирикасының поэтикалық ерекшелігі _____
4. Екінші бөлім
Күләш Ахметова лирикасындағы тілдік, стильдік, бейнелік
құбылыстар _____
- 5.К.Ахметова поэзиясының басты тақырыптары _____
- 6.Қорытынды _____
- 7.Пайдаланылған әдебиеттер _____

